

#КүшімізБірлікте

Біз саяси жаңғыруға негізделген бағытымызды ешқашан өзгертпейміз... Заң мен тәртіп – тұрақтылығымыздың негізі.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



БОЛАШАҚҚА БАҒДАР БАР

3-5

БЕЙЖІҢ–2022



ЖЕҢІЛ ӘРІ ЫҢҒАЙЛЫ

7

#ЕКПЕАЛ



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

22.01.2022

Түнде:



-4-6 °C
Көшпелі бұлтты. Тұман.

Күндіз:



+3+5 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.
Таңертең тұман.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

23.01.2022

Түнде:



-3-5 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



0,+2 °C
Көшпелі бұлтты,
күннің соңында
жауын-шашын (жаңбыр, қар).



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №5 (6140) 22 қаңтар, сенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

БИЗНЕСТІҢ ҮНІН БИЛІК ЕСТИДІ

Мемлекет басшысы отандық ірі бизнес өкілдерімен кездесу өткізді



ЖАҒДАЙДЫ ДЕРЕУ ӨЗГЕРТУ КЕРЕК

– Қағаз жүзіндегі әлеуметтік-экономикалық мәселе мен оның қазіргі шынайы жағдайының арасындағы алшақтық сын көтермейді. Сондықтан шұғыл түрде экономикалық саясатты қайта қарау жұмысына бірлесе кірісу керек. Таза, ашық және әділ іс-әрекеттердің жаңа тәртібін анықтаған жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пікірінше, аз ғана элиталық топтар ықпалының артуы және халықтың басым бөлігінің табысының азаюы қауіпсіздікке айтарлықтай қатер төндірді. Бұл қоғамның экономикалық, әлеуметтік, содан кейін саяси бөлінуіне әкеп соқтыруы мүмкін.

8

ИНДЕТПЕН КҮРЕС

ҰЖЫМДЫҚ ИММУНИТЕТ

пандемияға қарсы тұрудың сенімді әдісі



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев жұмыс сапары кезінде тұрақтандыру қорындағы, ковидтік госпитальдардағы және қаланың дәріхана желісіндегі дәрілік препараттар қорын тексерді.

2

ҚЫСҚА...

- Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет жанынан Кәсіпкерлер кеңесін құруды тапсырды.
- Алдағы дүйсенбіден бастап елдегі барлық мектеп қайта офлайн, яғни дәстүрлі оқуға көшеді.
- Қаңтардағы тәртіпсіздік кезінде қаза тапқан әскери қызметшілер мен жеке тұлғалардың несиесі кешіріледі.
- Елімізде қасқырлардың популяциясы азайып, жойылу алдында тұр.
- Алматының зардап шеккен кәсіпкерлері үш айға коммуналдық төлемдерден босатылады.
- Шаһарда ковид ауруханаларында төсек-орын саны көбейді.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-06-00 (ішкі 0318, 0319) телефондары бойынша хабарласыңыз!





#КүшімізБірлікте



ҚАРҚЫНДЫ ЖҰМЫС ЖАЛҒАСАДЫ

Үкіметтік комиссия Алматы қаласын қалпына келтіру жұмыстарының барысымен танысты

ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр қалпына келтіру және тәртіпсіздіктер нәтижесінде келтірілген залалды өтеу жұмыстарының барысымен танысу мақсатында Алматы қаласы мен Алматы облысына жұмыс сапарымен барды.

Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев бүгінгі таңда қалада көлік қатынасы мен азық-түлік кәсіпорындары штаттық режимде жұмыс істеп тұрғанын, жол инфрақұрылымын қалпына келтіру бойынша қарқынды жұмыстар жүргізіліп жатқанын хабарлады.

27 қалалық ғимаратты жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу қажет, оның ішінде 10 мемлекеттік және жекеменшік мүлік нысандары бюджет қаражаты есебінен қайта жаңартылатын болады. Қалған 17 нысанға келтірілген залал үлкен емес, олар бизнестің әлеуметтік жауап-

кершілігі аясында қалпына келтіріледі. Қалада 20 құрылыс компаниясының күшімен 9 нысанды тазалау жұмыстары жүргізілді, 800-ге жуық адам және 40 бірліктен астам арнайы техника тартылды. Сондай-ақ, бейнебақылау камераларын қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі уақытта бүлінген 587 бейнебақылау камерасының 434-і қалпына келтірілді. Барлық бейнебақылау камераларын қалпына келтіру жұмыстары 21 қаңтарда аяқталады.

Сонымен қатар, Open Almaty Қоғамдық қабылдауы базасында тәртіпсіздіктерден зардап шеккен ШОБ өкілдеріне келтірілген залалды өтеу мәселелері бойынша жедел желі құрылды.

Р.Скляр өңірлерді қалпына келтіру және олардың тыныс-тіршілігін жақсарту бойынша қарқынды жұмысты жалғастыруды тапсырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: primeminister.kz сайты)

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

ТӨЛЕМ ЖАСАУ АҚПАҢНАН БАСТАЛАДЫ

Үкімет зардап шеккен кәсіпкерлерге келтірілген шығынды өтейді

Жекелеген өңірлердегі тәртіпсіздіктер салдарынан келтірілген залалды жою мәселелері жөніндегі Үкіметтік комиссия ШОБ өкілдеріне келтірілген шығынды өтеу тетігін бекітті.

Үкімет резервінің қаражаты кәсіпкерлік субъектілеріне төлем жасау үшін жергілікті атқарушы органдарға жіберіледі. Жылжымайтын, жылжымалы мүлік бойынша, сондай-ақ жоғалған (ұрланған) тауарлық-материалдық құндылықтар бойынша келтірілген залал өтеледі. Зақымдалған жылжымайтын мүліктің орнын толтыру бекітілген сметалық құжаттама негізінде жүзеге асырылады.

Бүлінген немесе жойылған жылжымалы мүлік және тауарлық-материалдық құндылықтар бойынша өтеу әкімдік және/немесе «Күшіміз – бірлікте» зардап шеккен бизнесті қолдау қоры айқындайтын бағалау және аудиторлық компаниялар дайындаған бағаға сәйкес жүргізілетін болады.

Жоғалған (ұрланған) тауарлық-материалдық құндылықтар бойынша өтеу сомасы растайтын құжаттардың негізінде, ал олар болмаған жағдайда – кәсіпкерлік субъектісінің 2021 жылғы орташа айлық айналымы түрінде айқындалады.



Жоғалған немесе бүлінген мүліктің құнын өтеу үшін «InfoKazakhstan.kz» платформа-сында тиісті өтініш беру керек. Залалды бағалауды және өтелетін құнның мөлшерін айқындауды мүлікке келтірілген зиянды анықтау жөніндегі өңірлік комиссиялар және «Күшіміз – бірлікте» қорының өтінімдерін қарау жөніндегі комиссиялар жүргізеді. Кәсіпкерлердің өтініштері 5 күнтізбелік күн ішінде қаралады, мақұлданған жағдайда тиісті қаражат өтініш берушіге аударылады. Кәсіпкерлерге биылғы ақпан айынан бастап төлем жасау жоспарланған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: primeminister.kz сайты)

ИНДЕТПЕН КҮРЕС

ҰЖЫМДЫҚ ИММУНИТЕТ

пандемияға қарсы тұрудың сенімді әдісі



(Басы 1-бетте)

ДӘРІ-ДӘРМЕК ҚОРЫ ЖЕТКІЛІКТІ

Жалпы, шаһардың дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етілу жағдайы тұрақты. Бұл туралы қала әкіміне қалалық Тұрақтандыру қорының резервтері орналасқан «Медсервис плюс» дәріхана қоймаларын аралау барысында баяндалды.

Бүгінде қаланың тұрақтандыру қорында коронавирусқа қарсы, ең сұранысқа ие 56 аталым бойынша 389 мың дана дәрі-дәрмек және ең көп сұраныстағы медициналық мақсатта қолданылатын үш түрлі 7840 мың дана бұйым бар. Қолда бар қор әлі 2 айға жетеді.

«ІНКАР» және «КФК Медсервис Плюс» сияқты ірі жеткізушілерде ковидті емдеуде қолданылатын 7,69 млн. дана препарат бар. Ал дәріханаларда ең қажетті деген 1,3 млн. дәрі тұр.

Сондай-ақ, қала әкімі Б.Сағынтаев ковидпен сырқаттанған жандарды емдейтін госпитальдардың дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етілу жағдайымен танысты. Оларда санитарлық-эпидемиологиялық жағдай күрт нашарлап, ауруханаға жатқызылғандар саны артқан жағдайда қолданылатын қажетті дәрі-дәрмектер қоры да құрылған.

Жалпы, қала стационарларында 1849 мың дәрі-дәрмек бар, енді 1072 мыңы жеткізіледі деп күтілуде. Емханаларда – 198 мың препарат, тағы 285 мыңы әкелінеді.

Бақытжан Сағынтаев, сондай-ақ, инфузияға арналған «натрий хлориді» ерітіндісінің бар-жоғын тексерді. Тұрақтандыру қорының қоймаларында 80 мың 200 мл-лік ерітінді бар. Бұдан басқа, «Медсервис плюс» және «Аманат» жеткізушілерінде – 400 мл. 17,1 мың ерітінді.

«Орталық дәріхана» және «Дәріхана плюс» сияқты ірі дәріхана желілерінде 0,9% натрий хлориді ерітіндісінің барлық түрі жеткілікті мөлшерде бар. «А-дан Я-ға дейін», «Фармаком», «Мелисса», «Садыхан Премум», «Гаухар Тас», «Акниет» сынды 6 ірі дәріхана желісінің қоймаларында 61,2 мың физраствор бар.

ТӨСЕК-ОРЫНДАР ДАЙЫН

Алматыда «омикрон» штамының таралуымен коронавирус инфекциясы дертінің өскені байқалады. Осыған байланысты қала әкімі жұмыс сапары барысында инфекциялық стационарлардың қосымша төсек-орындарды орналастыруға дайындығын тексерді.

Бақытжан Сағынтаев РВ-90 И.Жекенова атындағы Жұқпалы аурулар ауруханасының филиалына барды. Бүгінде мұнда КВИ-мен ауыратын 199 пациент бар, оның ішінде 21-і ЖИТБ-те. Стационардың жалпы қуаты – 500 төсек, оның ішінде 45 төсек жансақтау мен қарқынды терапия бөлімшесінде.

Сондай-ақ, қала әкімі Орталық қалалық клиникалық ауруханада және №7 ҚКА-да КВИ бар науқастарды қабылдауға дайындықпен танысты. Бас дәрігерлер ковидтік бөлімшелердің жұмысы жалпы медициналық көмек көрсетумен қатар жүргізілетінін хабарлады.

Жалпы, ковидтік стационарлардың қуаты 9340 төсек-орынды құрайды, оның ішінде 730 реанимациялық. Бүгінде 3310 орын қолданыста, резервте 6030 орын бар.

Сонымен қатар, Б.Сағынтаевқа ОҚКА базасында ашылған

лықты КВИ-ге қарсы екпе алуға, сондай-ақ ревакцинациядан өтуге шақырды.

Өткен тәулікте бірінші компонентпен – 2218 адам, екіншісімен – 1978 адам вакциналанды. 2021 жылдың I ақпанынан бастап I компонентпен 1 095 040 адам, II компонентпен – 1 042 772 адам егілді. Егілгендердің жалпы санынан 60 жастан асқандар 123 885 адамды құрайды. Pfizer (Comirnaty) вакцинасын 35 909 адам алды, оның ішінде 1953 жүкті, 7652 бала емізетін әйел және 26 304 бала мен жасөспірім.

ТЕКСЕРІСТЕН – МІНДЕТКЕ

Сол күні Б.Сағынтаев КВИ таралуына қарсы іс-қимыл жөніндегі штаб отырысын өткізді. Ковидтік стационарлардың бас дәрігерлері науқастарды қабылдау және емдеу динамикасы туралы баяндады. Балалар мен жүкті әйелдерді емдеуге ерекше



телемедицина орталығының жұмысы туралы баяндалды. ТМО мамандарының бақылауында 10 188 пациент бар. Бұл сан ағымдағы жылдың 1–20 қаңтар аралығында 20 есе өсті. Орташа алғанда, пациенттерге шамамен 5 мың қонырау шалынады. 20 қаңтарда 8458 қонырау соғылды, оның барысында науқастың жағдайы сұралып, КВИ емдеу бойынша ұсынымдар беріледі.

ЕКПЕ АЛУ ЖАЛҒАСУДА

Қала әкімі, сондай-ақ, №7 аурухана базасында орналасқан КВИ-ға қарсы вакциналардың қалалық қоймасына барды. Қоймадағы және егу пункттеріндегі I және II компонентті «Синофарм» вакцинасының 207 733 дозасы, «КазВак» вакцинасының 176 349 дозасы, Pfizer 254 782 дозасы бар. Б.Сағынтаев ха-

көңіл бөлінеді. 1–20 қаңтар аралығында қалалық балалар жұқпалы аурулар ауруханасына КВИ бар 346 бала түсті. Инфекциялық бөлімшелерде 102 жүкті әйел бар.

Қала әкімі АМСК-тің, Телемедицина орталығының жұмысын күшейтуді және резервтік төсек-орындарды орналастыруға дайындықты қамтамасыз етуді тапсырды. Бұдан басқа, санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік жөніндегі шараларды жалғастыру, сондай-ақ халықты вакцинациялау мен ревакцинациялауды жандандыру қажет. Б.Сағынтаев ұжымдық иммунитетті қалыптастыру пандемияның кезекті толқынына қарсы тұрудың бірден-бір сенімді әдісі болып табылатынын атап өтті.

Әзірлегендер
Нұржамал ӘЛІШЕВА,
Динара МҰРАТ.



БОЛАШАҚҚА БАҒДАР БАР

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев «қаңтар қасіретінің» салдарынан зардап шеккен бизнесті қалпына келтіру және шаһарды одан әрі дамыту жөніндегі Мемлекет басшысының тапсырмаларына орай қала активімен жиын өткізді



– «Қасіретті қаңтар» күндері қаламызға содырлар мен лаңкестер бұрын-соңды болмаған ауыр соққы жасады. Салдарынан адам өліміне алып келген қайғылы жағдайлар орын алды. Бұл Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық тарихындағы ең қиын және ең ауыр кезең болды. Алматылықтар қарсы тұрып, үлкен табандылық көрсете білді! Мұндай сұмдық оқиғалар әрбір қазақстандыққа әсер етпей қоймады. Бүкіл ел бізбен бірге қайғырды. Біз «Алматы қасіретінің» орын алуына не түрткі болғанын түсініп, себебін анықтауымыз қажет. Бұл жұмыс басталды және құқық қорғау органдарымен бірлесіп жүргізілетін болады. Тұрғындарға, бейбіт отбасыларға, бизнеске үлкен залал келтірілді. Олар бізден, тап осы жерде және тап қазір, жақын болашаққа бағыт-бағдар беретін айқын белгі күтуде. Қазір үмітсіздікке беріліп, қамығатын уақыт емес. Біз бірлесіп алға жылжыуымыз керек, әр күн және әрбір сағат маңызды, – деді шаһар басшысы.

Қала біртіндеп қалыпты өмірге оралып келе жатқанын айтқан мегаполис басшысы төтенше жағдай режимі алынып тасталғанмен, террористік қауіптің «қызыл» деңгейі сақталып отырғанын, терроризмге қарсы операциялар жалғасып жатқанын мәлімдеді. Бұл ретте бірінші кезектегі міндет: залалдың мөлшерін анықтау және зардап шеккен азаматтар мен бизнеске бірінші кезекте көмек көрсету.

Цифрлар мен фактілер:

- Тәртіпсіздіктер басталған кезден бастап стационарларға түрлі дене жарақаттарын алған, соның ішінде оқ тиіп, пышақпен жараланған 1259 адам жүгінген.
- 506 адам стационарларға жатқызылды, 436-сы үйлеріне шығарылды, 70-і ем қабылдауда, 4-еуі жансақтау бөлімінде.
- Жедел жәрдем қызметінің 200-ге жуық бригадасы күндіз-түні өз өмірлерін қатерге тігіп, тәулік бойы аянбай еңбек етті. Барлық денсаулық сақтау ұйымдары штаттық режимде жұмыс істеді.
- Төтенше жағдай кезеңінде қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін барлық жүйе өз жұмысын тоқтатпады.
- Алдын ала деректер бойынша залалдың жалпы сомасы 96 млрд. теңгеден астам соманы құрайды.
- 54 әкімшілік ғимарат зардап шекті. Олар: Президент Резиденциясы, Әкімдік пен Бас прокуратураның Құқықтық статистика комитетінің ғимараттары, бұдан бөлек 6 ғимарат, 12 модульдік бекеттер мен 3 полицияның фронт-кеңсесі; 17 экобекет, 5 медициналық нысандар (терезелері сынған, қасбеттері сынған, бүлінген: Кардиоорталық, Алмалы ауданының алғашқы медициналық-санитарлық көмек мекемесі, №1 перзентхана, №7 қалалық клиникалық аурухана, Орталық клиникалық аурухана); «Қазакстан», «Хабар», «Мир 24», «Евразия», «НТК» телеарналарының ғимараттары мен кеңселері және т.б.
- Полиция мен өрт сөндірушілердің, денсаулық сақтау, коммуналдық қызметтер және тағы басқа да мемлекеттік ұйымдардың құралдары мен жабдыктары бүлінген.
- Құқық тәртібі органдары мен коммуналдық қызмет мекемелері (2,1 млрд.теңге) мен 155 жеке және заңды тұлғалардың (336 млн. теңге) 260 көлік құралдары зақымдалған немесе өртелген.
- Шағын және орта бизнеске көмек көрсетілді. Соңғы мәліметтерге сәйкес, 67,4 млрд. теңгеге 1600 бизнес субъектісі зиян шеккен. Оның ішінде 95,4%-ы (1586) ШОБ субъектілері (шығын сомасы – 42,9 млрд. теңге).

Шаһар басшысы мәлімдегендей, шығынды бағалау үшін қала әкімінің орынбасары И.Өсеров жетекшілік ететін арнайы комиссия құрылып, жұмыс істеуде. Комиссия құрамына қалалық мәслихат депутаттары, кәсіпкерлер палатасының өкілдері, полиция мен ТЖД қызметкерлері енген.

Комиссия төрағасы тұрғындар мен бизнес өкілдері тарапынан туындайтын бүлінген мүлікті қалпына келтіру және шығынды өтеу, қалпына келтіру мәселелері бойынша күн сайын баспасөз брифингін өткізеді. Ореп Almaty қоғамдық қабылдау бөлмесі базасында жедел желі жұмыс істейді (ұялы телефондар үшін – 13-08, қалалық абоненттер үшін – 338-33-88).

Зардап шеккендерге өтемақы төленеді

Бірте-бірте қалыпты өмірге орала бастаған оңтүстік мегаполистің бүгінгі жай-күйі, тыныс-тіршілігі жайлы жан-жақты мәлімет берген қалабасы жаппай тәртіпсіздіктің шығындарына тоқталып, агломерация билігінің қолға алып жатқан қарбалас тірлігін, зардап шеккендерге мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау шараларын саралады. Өз орынбасарларынан бастап, тиісті салалар басшыларына нақты бағдарлар беріп, тапсырмалар мен міндеттер жүктеді.

Шаһар басшысы осы күндердегі дәрігерлердің, полиция мен қауіпсіздік қызметкерлерінің және құтқару қызметі мен өрт сөндірушілердің, еріктілердің жанкешті жұмыстарын атап өтті. Зардап шеккендерге көрсетілер қолдау-көмек бағдарлары жайлы да айтып берді.

– Осы күрделі әрі қиын күндері қоғам зардап шеккендерге өтемақы төленетініне және қолдау көрсетілетініне сенімді болуы керек, – деп мәлімдеді Бақытжан Сағынтаев.

Қолдау мен көмек

- Төтенше жағдай кезеңінде іске жұмылдырылған құқық қорғау органдары мен медицина қызметкерлеріне материалдық көмек көрсетілетін болады. Зардап шеккен құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, дәрігерлер мен өрт сөндірушілерге жалпы сомасы 220,5 миллион теңге, ал ауыр жарақат алғандарға – екі миллион теңгеден, орташа жарақат болса – бір миллионнан, жеңіл жарақат алғандарға – 500 мың теңгеден өтемақы төленетін болады.
- Жеке тұлғаларға бүлінген көліктері үшін сақтандыру төлемдері ескеріле отырып, шығындар комиссиялық түрде өтеледі.
- Қала тұрғындарының тұрғын үйлерінің бүлінген қасбеттері мен терезелері жөнделеді. Бұл бағытта тұрғындармен және ПИК өкілдерімен тиісті жұмыстар басталып кетті.
- Құқық қорғау органдары мен медицина қызметкерлеріне материалдық көмек аясында 10 012 адамға, оның ішінде 3880 полиция департаментінің, 1207 – ТЖД, 93 – құтқару қызметінің, 4832 – медицина саласының қызметкерлеріне 1,6 млрд. теңге бөлінбек.

Алматылықтардың әл-ауқатын арттыру шаралары

Бақытжан Сағынтаев алматылықтардың әл-ауқаты мен жұмыспен қамту тиімділігін арттыру шаралары туралы да мағлұмат берді.

– Біз сауданың, оның ішінде онлайн-сатудың жаңа форматтарын енгізу пайдасына нарықтық саудаға негізделген экономиканың қалыптасқан форматынан ауытқитын боламыз, – деп атап өтті қала әкімі.

Әкімдік цифрландыру, креативті индустрия, өнеркәсіп және басқа да жоғары өнімді салаларды дамыту есебінен экономиканың құрылымдық реформаларын жүргізуге маңыз бермек. Сұранысқа ие кадрлардың болмауы еңбек нарығының нақты қажеттілігінің сәйкессіздігіне алып келетінін тілге тиек еткен Бақытжан Сағынтаев білім, қоғамдық даму, әлеуметтік әл-ауқат басқармаларына кадрларды даярлау кезінде колледждердің бағдарламаларын қайта қарауды тапсырды.

Жұмыспен қамту мен өмір сүру сапасын арттырудың маңызды қадамы – іскерлік белсенділікті ынталандыру болмақ.

КЕРЕК ДЕРЕК

- Соңғы екі жылда негізгі капиталға салынған инвестициялар 820 млрд.-тан рекордтық 1 трлн. 200 млрд. теңгеге дейін өскен. Бұл ретте әлеуметтік салаға инвестициялар 12%-ға өсті.
- 2025 жылға дейін іске асырылатын 4,5 трлн. теңгеге 396 инвестициялық жобадан пұл құрылды. 2021 жылғы 83 жоба аясында ғана 10 мың жұмыс орны ашылды. Барлығы 55 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды.
- Биыл тағы 80 жоба іске асырылмақ, оның аясында 11 мыңға жуық жаңа жұмыс орны құрылады.
- Алматының Индустриалды аймағында 2 жыл ішінде 10 жаңа кәсіпорын пайдалануға берілді.
- 37 жаңа жоба тартылды, оларда 3615 жаңа жұмыс орны құрылады. Биыл 15 жобаны іске қосу жоспарлануда.

Азық-түлік өнімдеріне бағаны тұрақтандыру

Қалабасы мәлімдегендей, Президент тапсырмасы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдеріне бағаны ұстап тұру үшін жүйелі шаралар жалғасатын болады. Бұл мақсатқа 11 млрд. теңге бөлінген. Қаңтар айынан бастап «Магнум» және «Тоймарт» желілеріне жеңілдікті қарыздар «айналымы» ұзартылды. Бөлінген қаражат есебінен «Магнум» желісінде әлеуметтік маңызы бар 19 азық-түлік өнімдері түрлері, «Тоймарт» желісінде 12 азық-түлік өнімдері түрлері (ұн, нан, күріш, рожки, тауық еті, айран, сүзбе, сары май, тұз, күнбағыс майы, картоп, пияз) төмен бағамен сатылады. Орташа есеппен алғанда, бұл екі желідегі көкөністер (картоп, сәбіз, пияз, қырыққабат) бағасы базардағыдан 30–50% төмен, ет өнімдері (сиыр еті, тауық еті, жұмыртқа) 10–15%-ға, бакалея өнімдері 10%–30%-ға төмен. Ал 7 азық-түлік базарында (Көкбазар, Ақбұлақ (көтерме сауда), Сары-Арка, Тастак, Таусамалы, Алматы-1, Жәрменке базарлары) «әлеуметтік лашықтар» жұмыс істеп тұр. Бұл нүктелерде көкөніс пен бакалея өнімдері нарықтық бағадан 1,5-2 есе төмен. Мұның өзі сауда жасаушылар арасында бәсекелестік орта қалыптастырады және жалпы қала базарларында бағаны төмендету бойынша мультипликативті әсерге қол жеткізіледі.

Бақытжан Сағынтаев қаладағы бес базарда (Жұлдыз, Орбита, Таусамалы, Арыстан және Тастак) «ет лашықтары» іске қосылғанын айтты. Оларда сиыр етінің келісі 2050 теңге (нарықтық бағадан 20%-ға төмен). Өткен аптадан бастап «Үй жанындағы дүкендерге» азық-түлік өнімдерін тікелей жеткізу үшін келісім-шарттар жасалған. Оларға өндірушілерден тікелей 67 тонна өнім жеткізілді (нан, жұмыртқа, бакалея, күріш, қант және күнбағыс майы).

Шаһар басшысы «үй жанындағы дүкендердің» өкінішке орай бағаны негізсіз өсіретіні туралы ақпараттық фактілердің де бар екенін атап өтіп, өзінің орынбасары Мақсат Қықымовқа, Кәсіпкерлік басқармасына аудан әкімдерімен бірге әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдеріне сауда үстемесін қою (15%-дан артық емес) мәселесін бірлесе мониторинг жүргізу арқылы қадағалауды тапсырды. Осындай күрделі кезеңде алыпсатарлыққа жол берілмейтінін айтқан Бақытжан Сағынтаев әрбір жағдай жеке қаралатынын және шекті бағалар енгізілетінін мәлімдеді.

Цифрлар мен фактілер

- «Алматынан» ЖШС-мен бөлке-нанның сатылу бағасын 85 теңге көлемінде, сондай-ақ «Стандарт Продактс» ЖШС-мен 1,8 мың тонна күнбағыс майының бөтелкесін 585 теңгеден және 700 тонна қарақұмық жармасының келісін 500 теңгеден қаланың сауда желілеріне жеткізу жөнінде меморандумдар жасалды.
- Павлодар облысынан (барлығы 6,5 мың тонна картоп пен сәбіз), Жамбыл облысынан (1,5 мың тонна пияз), Алматы, Түркістан облыстарынан (250 тонна қырыққабат) көкөністерді қаланың сауда нүктелеріне тікелей жеткізу ұйымдастырылған.



Аягүл МИРАЗОВА,
Қазақстанның
Еңбек Ері:

Қиындықтарды бірге еңсереміз

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаевтың зардап шеккен бизнесті қалыпқа келтіру және қаламыздың одан әрі дамуы жөніндегі қалалық актив отырысын өткізуі салы суға кетіп жүрген барлық алматылықтардың еңсесін бір көтеріп тастады. Әкім қаламыздың қандай шығындарға тап болғаны жайында толық, жан-жақты мәлімет берді және қиындыққа тап болған халқымыздың хал-жағдайын, әсем қаламыз Алматымыздың қалпына келтіру бойынша нақты жоспарларын ортаға салды. Ісіңізге тек сәттілік болсын! Қай салада болмасын қиындық жетерлік. Ең қиын, ең ауыр кезең басымыздан өтті, бәлекет сонымен кетсін деп тілейік.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді халқымыз. Ерлігімізді, бірлігімізді көрсететін кез болып тұр. Адалдық, сабырлылық, сенімділік жолдасымыз болсын деп тілеймін! Біз қиындықтарды бірге еңсереміз! Елдің тыныштығы, амандығы, ұрпақтарымыздың алаңсыз өмір сүруі бәрінен қымбат. Алматылықтардың өз үлесін қосатындықтарына, осы қиындықтарды Бақытжан Әбдірұлымен бірге шешетіндіктеріне сенемін.

Айнаш НОҒАЕВА,
№87 жалпы білім беретін
мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің
мұғалімі:



Мектеп пен балабақша тапшылығы жойылады

Алматыда шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаевтың қатысуымен зардап шеккен бизнесті қалыпқа келтіру және қаланың одан әрі дамуы жөнінде қалалық активтің отырысы өткені көңілге демеу болды, жүрекке үлкен сенім ұялатады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жедел штаб отырысында үкіметтік комиссияға Алматы қаласының әкімдігімен бірлесе отырып, шаһардың тыныс-тіршілігін қалпына келтіруді тапсырған болатын. Алматы – туған қаласы екенін айтқан Президент үкіметтің алдында қаланың келбетін бұрыңғыдан да жақсарту міндеті тұрғанын мәлімдеген еді.

Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев қасіретті қаңтар күндерінен кейін қала біртіндеп қалыпты өмірге оралып жатқанын айтты. Арнайы комиссия келтірілген залалға баға беріп жатыр екен. Кәсіпкерлерге бірқатар жеңілдік берілетінін, келтірілген шығын өтелетінін, тәртіпсіздіктер кезінде жарақат алған қызметкерлерге 2 млн. теңгеден бастап, 500 000 теңгеге дейін өтемақы төленетінін қала басшысының өз аузынан естіп, көңіліміз жайланып қалды. Қалада оқушылар сарайының, балабақшалар мен мектептердің саны артып, бес жыл ішінде мектеп-балабақша тапшылығы жойылады деген мәлімдемесі де – қуанарлық жағдай. Қала билігінің барлық бастамаларын қолдаймын. Халқымыздың тұрмысын жақсара түсетініне, қаламыз гүлдене түсетініне кәміл сенемін.



Темірбек РАХМАНОВ,
Алматы
автомеханикалық
колледжінің директоры:

Алматы көп ұзамай қайта құлпырады

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаев осы күнге дейін халықпен кездесіп, Алматы қаласы тұрғындарының жағдайын жақсартуға жұмыс жасап жүрген азаматтардың бірі. Бүгінде жоспарға сәйкес тұрғын үйлердің жанынан балаларға арналған алаңдар салыну жалғасын тауып келеді. Саябақтар көбейді, қоғамдық кеңістіктер қанат жайды. Жастардың үй мәселесі де шешімін тауып келеді. Тұрғындармен жиі кездесу өткізеді. Алматының әр ауданын аралап, халықтың сөзіне құлақ түріп, туындаған мәселелерін қоғамдық кеңесте талқылап жатады. Өріне, «жұмыла көтерген жүк жеңіл». Қала активімен алқалы жиында сөз сөйлеген Бақытжан Сағынтаевтың тұжырымдары әрі нық, әрі сенімді. Қаңтар оқиғасынан кейінгі зардап шеккен кәсіпкерлердің жағдайын түсініп, оларға қолұшын беруге түрлі жеңілдіктер жасайтын болды. Алматы бұған дейін де дамып келген, әлі де дами береді. Сондықтан Алматы көп ұзамай қайта құлпыратынына өз басым сенімдімін.



#КүшімізБірлікте!



Смағұл ЕЛУБАЕВ,
жазушы,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері:

Өте маңызды
бағдар

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Өбдірұлы Сағынтаев мырзаның Алматы қаласында орын алған оқиғадан кейінгі қаланы қалай қалпына келтіру жоспарын тыңдадық. Бұл өте маңызды, бағдарлы жоспар. Бүге-шігесіне дейін көп мәселелер көтерілген. Оның ішінде біздің назарымызды аударғаны – өзіміз талайдан бері тілге тиек етіп жүрген жастар мәселесі. Алматыда еліміздің әр төңірегіннен жиналған жүздеген мың жастар бар. Мұны соңғы 10–15 жылдан бері әркез айтып жүрміз. Бұл қауіпті жағдай. Өйткені, осы жастардың көбісі жұмыссыз, тіпті үйсіз және айлықтары мардымсыз. Осындай топтар 30 жыл ішінде Алматыға көптеп шоғырланды. Бүгін болмаса ертең, ертең болмаса арғы күні ұшқыннан жалын лаулайтыны белгілі еді. Алматының осы мәселесін кезінде шырылдап біз талай айттық, жаздық та. Ақыр соңында біздің айтқанымыз болды. Бөшке жарылды. Көшеге шыққандардың барлығын бірдей террористер деуге болмайды. Бірақ лаңкестер мен содырлар жастардың бейбіт ниетін пайдаланып кетті. Сырттан келген, іштен шыққан террористер жетеді екен ғой. Олар бишара, жағдайы жоқ, жұмыссыз, тапқаны тамағына жетпей жүрген, ашқарын, ашқұрсак жастарды ертіп әкетті де, апарып қылмысқа ұрындырды. Мінекей, осы жағдай қайталанбас үшін ендігі жерде Алматы қаласы әкімдігінің істейтін шаруасы негізінен осы жұмыссыз жастардың жағдайын шешу деп ойлаймын. Мені қуантқаны – Бақытжан Сағынтаевтың «10 мыңдай жұмыс орны ашылады» деген сөзі.

Біз бұл саланың маманы емеспіз, бірақ әрбір ауданда неге жиі бос жұмыс орындары жәрменкелерін өткізіп тұрмасқа? Сол жерде жұмыс берушілер мен жұмыс іздеушілерді неге кездестірмеске? Мұндай шаралар жиі өтіп тұрса, жұмыссыздық мәселесі жеңілдей түсер еді. Өйткені, ауылдан келген жастардың дені 30 жастан асқандар. Олар үй ала алмай, тапқан-таянғаны үй алуға жетпей жүрген болса, олар көшеге шықпағанда, кім көшеге шығады? Сөйтіп, олар үкіметке ойларын айтқысы келді деп ойлаймын. Үкіметке деген өкпесін айтқысы келді. Ішкі-сыртқа деструктивті күштер осыны пайдаланды. Ендігі жерде Алматы қаласында қанша жұмыссыз жастар бар екенін анықтау керек деп ойлаймын. Маған, қаладағы 2 миллион тұрғынның бірі, 60 жыл бойы тұрып келе жатқан тұрғын ретінде Алматының қирағанын көру өте ауыр болды. Біз Алматыны өз үйіміздей көреміз. Өз үйіміз қирап жатқандай әсер етті. Мұндай жағдай енді ешқашан қайталанбасын деп тілеймін. Қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың қолға алып жатқан жоспарының жүзеге асуына барлығымыз қолдау көрсетіп, өз үлесімізді қосудымыз керек. Яғни қала әкімінің төңірегінше шоғырланып, болашақта мұндай жағдайдың орын алмауына атсалысуымыз керек. Мен баршала-рыңызды осыған шақырамын.

БОЛАШАҚҚА

(Басы 3-бетте)

Жаңа мамандықтардың өңірлік атласы әзірленеді

Шаһар басшысының айтуынша, өткен жылы Алматыдағы жұмыссыздық 5,1%-ға дейін төмендеген. Бұл бағыттағы жұмыс одан әрі жалғасатын болады.

Биыл Ұлттық жобалар аясында 13,2 мың жұмыс орны құрылады, бизнесті қолдаудың өңірлік шаралары 3,6 мың бизнес құруға мүмкіндік береді, 31 мыңнан астам орын құру жоспарланып отыр.

Қалалық бағдарламалар шеңберінде ӨКК құралдары арқылы 2%-дық жеңілдікпен несие беру мүмкіндігімен қолданыстағы сегізге қосымша 5 шағын өнеркәсіптік парк іске қосылмақ.

– *Жастарды кәсіптік техникалық даярлауды және жұмыссыздарды қайта оқытуды күшейтіп, кейіннен жұмысқа орналастырамыз. Жеке сектордан жүйелік операторларды тарту арқылы білікті жұмыс орындары құрылады*, – деп атап өтті қала әкімі.

Екі жыл ішінде «Кәсіп алаңы», «Алматы Бизнес» бағдарламалары бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту, 200 мыңға жуық адамды қамтитын Qoldau кәсіпкерлік орталығының курстары жүргізілді. Бұл жұмыс істеп тұрған ШОБ санының 4%-ға немесе 2021 жылдың қорытындысы бойынша 7,6 мың бірлікке ұлғаюына әсер етті.

Бақытжан Сағынтаев болашақта экономиканың түрлі салаларындағы қажеттіліктерді болжау үшін жаңа мамандықтардың өңірлік атласы әзірленетінін атап өтті.

– *Өткен жылдан бастап біз аудандардың мықты жақтарын бағдарлай отырып, кластерлік тәсілді қолдана бастадық және жетекші университеттерді – Сүлеймен Демирел университетін, Алма университетін, ҚБТУ, ХАТУ оқу орындарын аудандардың стратегиялық дамуына жұмылдырдық*, – деді мегаполис әкімі.

Осының барлығы инновациялық жобаларды дамыту үшін жаңа жағдайлар жасауға және жаңа кәсіби құзыреттер мен жаңа жұмыс орындарына қажеттілікті қалыптастыра отырып, әрбір ауданды күшейтуге мүмкіндік бермек.

Шаһар басшысының айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ағымдағы жылдан бастап жастар практикасы бойынша жалақы 25-тен 30 АЕК-ке дейін ұлғайтылған. «Біз өз тарапымыздан жергілікті бюджеттен қосымша 10 АЕК-ке төлемді ұлғайтамыз, осылайша жалақы 122,5 мың теңгені құрайды», – деді ол.

Жұмыс істейтін мүгедектер үшін әлеуметтік жұмыс орындарын субсидиялау мөлшері 63 мыңнан 92 мың теңгеге дейін ұлғайтылады. Жалпы, барлық шаралардың арқасында кемінде 50 мың жұмыс орны құрылады.

Биыл 260-тан астам спорт аландары ашылады

Бақытжан Сағынтаев спорт инфрақұрылымын дамыту туралы мәліметтер келтірді. 2021 жылы бюджет қаражаты есебінен Алматыда 3 дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынды (Жетісу ауданының «Айнабұлақ-2», «Құлагер» және «Кемел» шағынаудандарында). Биылғы бірінші жартыжылдықта тағы 3 нысан іске қосылмақ (Алатау ауданының «Зерделі» шағынауданында, Медеу ауданының «Алатау» шағынауданында, Түркісіб ауданының «Жас қанат» шағынауданында). Наурызбай, Әуезов, Алмалы және Түркісіб аудандарында жергілікті бюджет есебінен 7 ДШС жобалануда, олардың құрылысы жыл соңында басталады.

Алатау ауданында 14 қортқа арналған теннис орталығының құрылысы аяқталуда (4 жабық және 10 ашық). Биыл Алатау ауданында жеңіл атлетика манежі мен Бостандық ауданындағы құзға өрмелеу орталығының жобалары әзірленеді, құрылыс жұмыстары жыл соңында басталады.

– *Спорт инфрақұрылымын дамытуға жеке инвесторларды тартудамыз. 2021 жылы инвесторлар есебінен 380 орынды мінбесі бар көпфункционалды спорт залы, «Сұңқар» шаңғы трамплиндері кешенінде бассейн, «Жұлдыз-1» шағынауданында гимнастика, жекпе-жек залдары және бассейні бар спорт кешені, ҚазҰУ аумағында 6 қортты бар теннис орталығы салынды*, – деді Бақытжан Сағынтаев.

Бостандық ауданында әмбебап залы мен бассейні бар спорт кешені, Алатау үстел теннисі орталығы, Орталық демалыс саябағында қалалық велотрек салынуда. Ал, Медеу және Бостандық аудандарындағы скейт-парк, BMX-парк, Әуезов ауданындағы күрес клубы жобалау сатысында.

Әкім жан басына қаржыландыру аясында 45 мың баланы спорттың 71 түрі бойынша тегін спорт секцияларымен қамтамасыз ету үшін 1,7 млрд. теңге бөлінгенін хабарлады. Сұраныс артқан кезде қаржыландыру артады.

Қалада 2400 ашық спорт аландары жұмыс істейді. Жалпы, биыл қаланың барлық аудандарында тағы 261 спорт алаңы ашылмақ.

Бюджет және МЖӘ есебінен жаңғыртылған 42 мектеп спорт алаңына қосымша тағы 30 спорт алаңы салынады және олардың жалпы саны 72-ге жеткізіледі.

Аталған шаралар мен жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу есебінен балалардың 77%-ы спорт, мәдениет және білім беру салалары бойынша үйірмелер мен секцияларға тегін бара алады.

Мектептер мен балабақшалардағы орын тапшылығы жойылады

Шаһар басшысы мектепке дейінгі және мектептегі білім беруді дамыту жоспарлары туралы әңгіме аясында Алматыда мектептер мен балабақшалардағы орын тапшылығын бес жыл ішінде жабу жоспарланғанын айтты.

Спикер тұжырымдағандай, қазір мектептерде орын тапшылығы 33 812, балабақшаларда 40 мыңға жуық. Бұл құрылыстың төмен қарқынына және балалар санының өсіміне байланысты.

– *Әзекті мәселені шешу үшін жаңа мектептер мен балабақшалардың жедел құрылысына баса назар аудара отырып, әлеуметтік нысандарды ашу жоспарлары түзетілді. Биыл 48 мектеп ашу жұмыстары жүргізілуде, оның ішінде бюджет есебінен – 16, МЖӘ арқылы – төрт, құрылыс компанияларымен меморандумдар бойынша – 16, жеке инвестициялар есебінен – 10 мектеп. Әуезов және Бостандық аудандарындағы екі мектептің бұрын жекешелендірілген ғимараттарын сатып аламыз*, – деп хабарлады Бақытжан Сағынтаев.

Оның айтуынша, биыл 82 балабақша (жалпы алғанда 10 мыңнан астам орынға) ашу жоспарланған, оның ішінде 11 балабақшаны коммуналдық меншікке қайтару есебінен пайдалануға берілмек. Жетісу ауданында бұрынғы балабақша ғимаратын сатып алу және 10 шағынаудандағы балабақшаларды сатып алу жоспарланған. Бюджет есебінен тоғыз балабақша, жеке инвестициялар есебінен 60 балабақша салынбақ.

Суретті түсірген Самат Құсайынұлов.



– *Біз 5 жылға дейін мектептер мен балабақшалардағы орын тапшылығын жою міндетін қойып отырмыз*, – деді қала әкімі.

Бұдан басқа, мектептен тыс тегін білім берумен қамтуды арттыру үшін (қазір бұл көрсеткіш небәрі 9%-ды құрайды) жоспарланған шаралар:

- Наурыз айында Достық даңғылы бойындағы Оқушылар сарайын жаңғыртуды аяқтау;
- Алатау және Наурызбай аудандарында екі жаңа Оқушылар сарайының, сондай-ақ Бостандық, Алмалы және Түркісіб аудандарында ескі ғимараттарды бұзып, үш Оқушылар үйінің құрылысын қолға алу.

«Бюджетке қатысу» жобасын қаржыландыру артады

Бақытжан Сағынтаев қала активінде сөйлеген сөзінде мегаполисті абаттандыру және құрылыс жүргізу жоспарлары жайлы мәліметтермен де таныстырды.

Спикер өткен жылы құрылыс салу ережелері қабылданғанын, барлық мәселелер тарихи орталықты сақтай отырып шешілгенін, қоныстанудың ең жоғары тығыздығы мен қабаттылығы (гектарына 440 адам) белгіленгенін, құрылыс салушылар үшін салынып жатқан тұрғын үй кешендеріне мектептермен, балабақшалармен, өзге инфрақұрылыммен қамтамасыз қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер енгізілгенін еске салды.

– *Жаңа ТК құрылысына және ескі тұрғын үйлерді қайта жаңартуға байланысты қоғамда үнемі пікірталастар болып тұратын мәселелер әлі де бар. Осыған байланысты мен меншік иелерінің 100%-ы жеке инвесторды тартуды қолдайтын үйлерді қоспағанда, ескірген тұрғын үй қорын бюджет қаражаты есебінен реновациялау бағдарламасын одан әрі іске асыру жөнінде шешім қабылдадым. Сондай-ақ, Абай даңғылынан жоғары әл-Фараби даңғылы мен Жандосов көшесіне дейінгі, Шығыс айналма жолынан Саин көшесіне дейінгі учаскелердегі тұрғын үй ғимараттарының биіктігі шектеліп, тау бөктерінде аз қабатты ТК салуға тыйым салынады. Менің орынбасарым М.Әзірбаевқа бір ай мерзім ішінде қабылданған шешімдерді бекітуді тапсырамын*, – деді Бақытжан Сағынтаев.

Спикер қалада ауқымды абаттандыру жұмыстары жалғасатынын атап өтті. Көктемде әуесжайдан Тұңғыш Президент саябағына дейінгі қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру (ұзындығы 25 шақырым), инфрақұрылымы жақсартылған тоғыз көшені (17 шақырым) реконструкциялау басталады, 2023 жылы жұмыстар басталатын сегіз көше бойынша жаяу жүргіншілер аймақтарының жаңа жобалары, сондай-ақ ағымдағы жылдың соңына қарай құрылысы басталатын «кіру магистральдарын» (қала қақпаларын) абаттандыру жөніндегі жоба әзірленетін болады.

Шаһар басшысының айтуынша, Мемлекет басшысының Халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасы аясында алматылықтар «Халықтық бюджетке қатысу» жобасына белсенді қатысуда. Бұл жоба басталғаннан бері қалалықтардан ұсыныстар саны үш есеге жуық өскен екен.

– *Биыл жобаны жүзеге асыруға 7,4 млрд. теңге бағытталғанын атап өткім келеді. Халық тарапынан сұраныстың артуына қарай қаржыландыру көлемі артатын болады*, – деді қала әкімі.

«Жаңа Алматы»: шет аймақтарды дамытудың кешенді жоспары

Бақытжан Сағынтаев инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру барысын егжей-тегжейлі түсіндіріп берді. «Жаңа Алматы» шет аймақтарын дамытудың кешенді жоспары аясында 64 іс-шара немесе 428 жоба іске асырылып жатқаны белгілі болды. 2 жыл ішінде 178 жоба іске асырылған, 177 жоба іске асырылу сатысында, 73 жоба алдағы жылдар енішінде. Жоспар бойынша жыл сайынғы қаржыландыру шамамен 200 млрд. теңгені құрайды.

– *Бүгінде Үкіметпен жоспар жобалары бойынша қаржыландыруды ұлғайту мәселесін талқылаудамыз*, – деді Б.Сағынтаев.

Екі жыл ішінде Алматыда 620 шақырым сумен жабдықтау және кәріз желілері салынды. 16 тұрғын үй алабы (Медеу ауданында – «Думан» шағынауданы, Түркісіб ауданында – Заря Восток, Қайрат, Колхозшы, Наурызбай ауданында – Құрамыс, Тастыбұлақ) сумен және кәрізбен қамтамасыз етілді. Бюджет және МЖӘ есебінен жаңғыртылған 42 мектеп спорт алаңына тағы 30 спорт алаңы салынады және олардың жалпы саны 72-ге жеткізіледі.

Биыл 18 нысанның, оның ішінде «Шаңырақ-1», «Қарасу», «Ақжар», «Шұғыла», «Жас қанат» шағынаудандарында сумен жабдықтау және кәріз желілерінің құрылысы аяқталады.

«Қарғалы», «Қарағайлы», «Құрамыс», «Таусамалы» шағынаудандарында 50 мың халықты сумен қамтамасыз ететін Қарғалы өзенінде су тарту құрылысы аяқталады және Ақсай өзені мен Ерменсай шағынауданында тағы екі су тарту құрылысы басталады, олар «Ақжар», «Ақтөбе», «Ерменсай», «Нұрлытау», «Ремизовка», «Таужолы», «Тастыбұлақ», «Шұғыла» шағынаудандарында және Алматы облысының Қырғайұлы кентінде 100 мың халықты қамтиды.

Мегаполис әкімінің айтуынша, 2021 жылы 424 шақырымнан астам электр желілері қайта жаңғыртылып, бұрын жарықтандырылмаған 2024 көше жарықтандырылды. Бостандық ауданында қуаты 64 МВт «Каскад» қосалқы станциясының құрылысы аяқталды.

Екі жыл ішінде коммуналдық меншікке 334,1 шақырым иесіз электр желілері және 202 трансформаторлық қосалқы станциялар қа-



БАҒДАР БАР



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

былданды. Ал биыл Медеу, Алатау және Наурызбай аудандарында ұзындығы 147,2 шақырым болатын электр желілерін қайта жаңарту аяқталады.

– Жыл соңында біз Бостандық ауданындағы «Алмагүл» және Түркісіб ауданындағы «Тұздыбастау» екі қосалқы станциясының құрылысын аяқтаймыз, бұл 400 мың тұрғынды сенімді және үздіксіз электрмен қамтамасыз етеді, – деді Б.Сағынтаев.

Сондай-ақ, 1066 жартылай жарықтандырылмаған көшелер мен 486 аула аумақтарында сыртқы жарықтандыру құрылысы аяқталып, 24 көшені жарықтандыру жаңғыртылмақ.

Алматыда 2 жыл ішінде газбен жабдықтау желілеріне 3,8 мыңнан астам тұрғын үй қосылды. Бүгінде тұрғындардың 99,2% орталықтандырылған газбен қамтылған. Алайда, 1497 тұрғын үй, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтары газға қосылмаған күйінде қалып отырғанын тілге тиек еткен шаһар басшысы қала бюджеті есебінен халықтың әлеуметтік осал топтарының отбасыларын газға қосуды тапсырды.

Жол-көлік инфрақұрылымы – маңызды бағдар

Бақытжан Сағынтаев мегаполистің жолкөлік инфрақұрылымы мәселесіне де ерекше тоқталды. 2021 жылы Рысқұлов – Емпов жолайрығының құрылысы, Алатау көшесін тесу жұмыстары аяқталғанын, Абай даңғылы бойынша қозғалыс ашылғанын, «Таусамалы» шағынауданында Қонаев көшесін қайта жаңарту аяқталғанын, Алатау, Наурызбай және Түркісіб аудандарының 8 шағынауданында («Алғабас», «Шаңырақ-5», «Самғау», «Өжет», «Әлмерек», «Қайрат», «Нұршашқан», «Құрамыс») 65 шақырым жаңа жол салынғанын, «Думан» шағынауданындағы жолдар күрделі жөндеуден өткенін, ұзындығы 201 шақырым болатын 206 көше орташа жөндеумен қамтылғанын айтты.

– Ағымдағы жылы Бұқтырма – Құлжа жолайрығы бойынша жұмыстар аяқталады. Сейфуллин – Жансүгіров көшелері қиылысындағы қозғалыс ашылады. Әуезов көшесін тесу жұмыстары аяқталады, Саин көшесін тесу құрылысы жалғасады, Төле би көшесін тесу жұмыстары басталады. «Алғабас», «Әлмерек», «Қайрат», «Шұғыла», «Ақжар» және «Шапағат» шағынаудандарында 100 шақырымдық жаңа жол салынады, – деп атап өтті қала әкімі.

Жалпы, ұзындығы 221 шақырым болатын 224 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 23 магистралды көше, соның ішінде әл-Фараби даңғылы, Шығыс айналма жолы, Розыбакиев және тағы басқа да көшелер қамтылатыны белгілі болды.

Сонымен қатар, «Ақбұлақ», «Дархан», «Қарасу», «Тастыбұлақ», «Шұғыла» және т.б. шағынаудандарындағы жолдар жөнделмек, 1-ші тоқсанның соңына дейін «Сарыарқа» және «Бауыржан Момышұлы» метро станциялары іске қосылады, «Қалқаман» станциясының құрылысы жалғасады.

Барлық аудандарда саябақ аймақтары пайда болады

Қала активімен жиында сөйлеген сөзінде шаһар басшысы Алматыда көптеген жаңа саябақтар, скверлер мен жаяу жүргіншілер аймақтары пайда болатынын мәлімдеді.

Спикердің хабарлағандай, күзде Алмалы, Бостандық, Жетісу және Түркісіб аудандарындағы саябақ аумақтарын абаттандыру аяқталады. Атап айтқанда, абаттандыру Оқушылар сарайының жанында, Мемлекеттік мұражай ғимаратының жанында, театр алдында жүргізіледі. Әуезов көшесі, ҚБТУ артындағы гүлзарда, «Көкмайса» шағынауданында (Жетісу ауданы), «Желтоқсан» және «Аспан» саябақтарында (Түркісіб ауданы), Шевченко және Құрманғазы көшелерінің арасындағы екі гүлзарда, Байсейітова көшесінің Бөгенбай батыр көшесінен Сәтбаев көшесіне дейінгі бөлігі жаяу жүргіншілер аймағына айналады, Алматы хайуанаттар бағындағы көл жайластырылады және Есентай өзені бойындағы жаңа жағалаудың құрылысы аяқталады.

Бақытжан Сағынтаев, сондай-ақ, инвесторларды тарта отырып, жаңа парктар құрылатынын хабарлады (тақырыптық парктар – Наурызбай ауданында, желілік парктар – Алатау ауданында).

– Біз Алатау ауданындағы саябақ аймақтарын – Қарағай орманын, Қайың тоғайын, «Зерделі» және «Өжет» шағынаудандарындағы саябақтарды дамытуы жалғастырамыз. Үш жасыл аймақты абаттандыра отырып, ҰАК-ын қайта жаңарту бойынша жобалау-металдық құжаттама әзірленуде. Жұмыстың басталуы – 2023 жыл, – деді қала әкімі.

Бұдан басқа, Ботаникалық баққа қарама-қарсы қалалық арборетум (бақша дендрарийі) және Үлкен Алматы өзені жағалауы бойындағы Тұңғыш Президент саябағынан Сайран көліне дейінгі үлкен жаяу жүргіншілер аймағын жобалау жүргізілуде (жобаны іске асыруды 2023 жылы бастау жоспарлануда).

Бірыңғай кезекші диспетчерлік қызметі құрылады

Бақытжан Сағынтаев өз сөзінде қауіпсіздік пен байланыс инфрақұрылымын күшейту жұмыстары жайлы да айтты.

– Соңғы оқиғалар өткен екі жылда қаладағы халықтың қауіпсіздігі үшін бейнебақылауды қамту аймағын ұлғайту бойынша біздің жұмысымыздың дұрыстығын көрсетті. 2021 жылы 1000-нан астам камера, жол қауіпсіздігі үшін 2258 «Сергек» камерасы (766 АПК), халық жаппай жиналатын жерлерде бейнемониторинг жүйесі іске қосылды, мектептерден тағы 2620 камера және аулалардан 4 мыңнан

астам камера полицияның жедел басқару орталығына байланыстырылды, – деді Б.Сағынтаев.

Қалабасының айтуынша, екі жыл ішінде ЖКО ЖБО-ға қосылған камералар саны 4 еседен астам өсті (2019 жылғы 2,5 мыңнан 11 мыңнан астам камераға дейін). Биыл Алатау, Наурызбай, Түркісіб, Жетісу және Медеу аудандарындағы көпшілік жиналатын жерлерде қосымша 3,5 мың камера қосылып, қаланың шалғай аудандарында 200-ге жуық «Сергек» кешені орнатылады.

Өрт қауіпсіздігін арттыру үшін қалаға қосымша деполар қажет. Осыған байланысты Б.Сағынтаев аз жабдықталған аудандарда жаңа деполарды жобалау мен салуды бастауды тапсырды.

Қазіргі уақытта Аюсай және Ақсай өзендерінің шатқалдарында 2022 және 2023 жылдары аяқталатын сел ұстайтын екі бөгет салынады. Сейсмикалық қауіптерді ескере отырып, ағымдағы жылы 11 сейсмикалық станция мен 2 талдау пунктін орнату арқылы халықты жер сілкінісінің жақындап қалғаны туралы алдын ала ескерту жүйесі енгізіледі.

– Біз шұғыл түрде диспетчерлендіруді және уақытылы әрекет ету үшін қызметтердің жұмысын үйлестіруді қайта қарауымыз керек. Тұрғындар төтенше жағдайда өзін қалай ұстау керектігін білуі керек. Осындай жобалардың бірі – жақын арада бірыңғай кезекші диспетчерлік қызметтің ашылуы болады («911» қызметінің аналогы). Қазір жабдықтарды жөндеу және қызметкерлерді оқыту жүріп жатыр, – деп атап өтті шаһар басшысы.

Бақытжан Сағынтаев интернеттің және мобильді байланыстың қолжетімділігі мәселелерін шешу жөніндегі жұмысқа инвесторларды тартқанын мәлімдеді. Осының арқасында өткен жылы 500 шақырым магистральдық талшықты-оптикалық байланыс желілері салынды, 1,8 мың шақырым клиенттік кабель төселді. Түркісіб ауданындағы «Нұршашқан», «Әлмерек», «Қайрат» шағынаудандарының, Әуезов ауданындағы Достық, Алтын бесік, Наурызбай ауданындағы «Тастыбұлақ», «Таусамалы», «Ақжар», «Қалқаман-2», «Шұғыла», «Алатау» ауданындағы «Алғабас», «Теректі» шағынаудандарының тұрғындарында интернетке қосылу мүмкіндігі пайда болды. Биыл ТОВЖ құрылысы жалғасады және Алатау, Наурызбай және Бостандық аудандарындағы 20 мыңнан астам абоненті бар тағы 23 шағын аудан қосылатын болады.

Зардап шеккен кәсіпкерлер 3 айға коммуналдық төлемдерден босатылады

Мегаполис әкімі қалалық актив отырысында ШОБ-ты қолдау шаралары жөнінде де айтты.

Соңғы мәліметтерге сәйкес, қалада 67 млрд. теңгеге 1600-ге жуық бизнес субъектісі зардап шеккен. Оның 95%-ын 43 млрд. теңге шығын сомасымен ШОБ субъектілері құрайды. Қалабасы мәлімдегендей, Үкімет комиссиясы залалды өтеу тетігін бекітті. Кәсіпкерлер зардапты шығындарын растайтын құжаттары бар өтініштерін infokazakhstan.kz порталы арқылы қаралымға жіберулері тиіс.

Залалды өтеу тетігіне сәйкес, өтем жоғалған мүлктің құны не оны қалпына келтіру жұмыстарының құны бойынша жүргізілетін болады.

– Өтініштерді қарау және өтеу бойынша жұмысты ұйымдастыру үшін менің орынбасарымның төрағалығымен жеке Комиссия құрылады. Жұмыс «Атамекен» ҰКП-мен, кәсіби қауымдастықтармен тығыз өзара іс-қимылда жүргізілетін болады, – деп атап өтті Б.Сағынтаев.

ШОБ-ты қолдау шаралары

- Әкімдік өз тарапынан ШОБ өкілдеріне қаржылық және қаржылық емес қолдау көрсетпек.
- Зардап шеккен ШОБ 3 айға коммуналдық шығындардан босатылады;
- Коммуналдық нысандар бойынша ШОБ жалға беруден 6 ай мерзімге босатылады;
- Зардап шеккен бизнес өкілдері үшін жеңілдіктер бойынша жеке жалға берушілермен келіссөздер жүргізілуде;

Жиында мегаполис әкімі, сондай-ақ, Almaty Business–2025 қалалық бағдарламасына келесі өзгерістер енгізілетінін хабарлады:

1) Зардап шеккен шағын және орта бизнесті мақсатты қолдау бойынша айналым қаражатын толықтыруға 12 ай мерзімге 2%-бен, кепілге және/немесе «Алматы» ӘКК иініна кепілдігіне 10 млн. теңгеге дейін несие беру өнімі енгізілетін болады.

2) Өтініштер бойынша негізгі қарызды өтеу бойынша кейінге қалдыру, сондай-ақ Almaty Finance және Almaty МҚҰ алдында айыппұлдар мен өсімпұлдардан 180 күнге дейін босату ұсынылады.

3) Қаланың барлық кәсіпкерлерін қолдау үшін несиелеудің ең ұзақ мерзімін жарты жылға, яғни 90 айға дейін ұлғайту, кепілсіз несиелендіру бойынша мөлшерлемесі 12%-дан 9%-ға дейін төмендету қарастырылған.

Сөзінің соңында шаһар басшысы Алматы үшін осынау қайғылы да қасіретті күндерде қаза тапқан азаматтардың, әскери қызметкерлердің отбасы мен ағайын-туыстарына көңіл айтты. Алматыда қаңтардағы оқиғалар құрбандарына арналған пантеон салынатыны белгілі болды. «Жақында Мемлекет басшысының тапсырмасына орай қаңтар оқиғаларына арналған пантеонның нобайын дайындауға арналған ашық архитектуралық байқау жарияланады», – деді қала әкімі.

Бақытжан Сағынтаев қасіретті күндердегі ерік-жігері мен төзімділігі үшін қала тұрғындарына, медицина қызметкерлеріне, полиция мен әскери қызметшілерге, төтенше жағдай мен коммуналдық қызметтер өкілдеріне, БАҚ журналистеріне жанқиярлық батыл еңбектері үшін жеке алғыс айтты.

Сондай-ақ, мәслихат депутаттарына, қоғамдық белсенділерге, еріктілерге, бизнес өкілдеріне, банк қызметкерлеріне, қоғамдағы жағдайға бей-жай қарамай, белсене атсалысып, қолдан келгенше көмек көрсетуге асыққан барлық азаматтарға ризашылығын білдірді.

– Бірлескен күш-жігермен қысқа мерзімде біз қаланы қалпына келтіреміз, оны одан да жақсы, көркем, ажарлы және әдемі етеміз. Мен сөзімді Мемлекет басшысының тұжырымымен түйіндегім келеді: «Қиын күндер артта қалды. Осы сәтте ел тағдыры үшін ұйыса білген бүкіл халқыма шынайы ризашылығымды білдіремін! Біріміз бұл оқиғадан сабақ алуымыз керек. Ең бастысы, береке-бірлікті, тыныштықты пен тұрақтылықты сақтауымыз қажет. Енді Қазақстанда дамудың жаңа кезеңі басталады. Бұл шынайы жаңару кезеңі болады. Егемен елімізді бірге өркендетейік! Халқымыз үшін Тәуелсіздік бәрінен қымбат. Жаңа Қазақстанды Бірге құрайық!». Біздің күшіміз – бірлікте! – деді Бақытжан Сағынтаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

#КүшімізБірлікте!



Ақан БИЖАНОВ,
Алматы қалалық
Ардагерлер кеңесінің
төрағасы,
ҚазҰӨА академигі,
ҚР ҰҒА корреспондент-
мүшесі:

Қала экологиясын жақсарту – маңызды міндет

Ардагерлер мен қала тұрғындары арасында мемлекет пен қала билігі тарапынан зардап шеккендерге өтемақы, залалды өтеу, жеңілдетілген несие беру, айыппұлдардан босату, тағы басқалар түрінде көмек көрсетілетіні туралы шаһар басшысының сөздері ерекше жылы қабылданды. Зардап шеккендердің барлығына, жеке азаматтарға да, кәсіпкерлік субъектілеріне де көмек көрсетілетін болады.

Қаланы дамыту тұрғысынан біз, ардагерлер ағымдағы жылы экологиялық жағдайды жақсарту, әсіресе ЖЭО-2 жаңғырту және зиянды шығарындыларды 7,5 есе азайту, қаланы көгалдандыру, биік ғимараттардың құрылысын шектеу бойынша іске асырылатын нақты, тағдыршешті шараларды қолдаймыз. Бүгінгі экологиялық жағдайды ескере отырып, осы және басқа да шаралар қаланың әуе бассейнінің жағдайын және онымен байланысты халықтың денсаулығын жақсартуға мүмкіндік береді деп санаймыз.

Мемлекет басшысының қазақстандықтардың әл-ауқатын одан әрі арттыру жөніндегі Жолдауында біздің алдымызға қойылған міндеттерді алматылықтар лайықты орындайтын болады деп сенемін.



Арыстанбек ЖҰМАҒҰЛОВ,
MedRemZavodHolding
компаниялар тобының
бас директоры:

Кәсіби білім қажет

Жалпы, Алматы қаласы әкімінің қала активінде сөйлеген сөзінің бәрі маған өте орынды әрі пайдалы болып көрінді. Мемлекет басшысының зардап шеккен кәсіпкерлікті қалпына келтіру және қаланы одан әрі дамыту жөніндегі тапсырмаларын орындау жөніндегі іс-шаралар соңары айтарлықтай нәтижелі болады деп есептеймін.

Коммерциялық емес, өндірістік циклдің кәсіпкері ретінде мен жастарды кәсіптік оқытуды күшейту және кейіннен жұмысқа орналастыру бойынша алдағы жұмыстарды өзім үшін ерекше атап өттім. Өйткені, соңғы кездері жастар белсене атсалысқан оқиғалар аясында мұндай жұмыс, дәлірек айтсақ, оны күшейту ауадай қажет. Бүгінгі таңда іргелес шеттегі жастардың, негізінен, кәсіби дайындығы жоқ және әлеуметтік-экономикалық осал топта өмір сүруге мәжбүр. Жаңа мамандықтардың кең ауқымды атласына ие болу үшін оқу орындарының үлкен желісі қажет. Ал мұндай орындар бұрын кәсіптік лицей деп аталып кеткен оқу орындары ғана емес, сонымен қатар бюджет есебінен күн көрмейтін қалған кәсіпорындар да болуы мүмкін. Оқу курстарының ережелерін жеңілдетсек (оқу лицензиясы және т.б.), біз жастарды оқыта аламыз. Қала әкімдігі осыған назар аударып, мәселені шешкенін қалар едім.



ҚОЙЫЛЫМ

КҮНДЕЛІКПЕН СЫРЛАСУ

Қаламызда жаңадан ашылған ÖzgeEpic заманауи өнер кеңістігі жайлы бірі білсе, енді бірі біле бермес. Қала қонақтары мен тұрғындарына жаңаша серпін беретін орталық Kundelik PROJECT жобасын қолға алған.

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Жоба концепциясы бойынша спектакльдер адамның жеке күнделігі негізінде қойылады. Әр қойылымның кейіпкері, форматы, орындалуы әртүрлі. Тіпті, бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Kundelik PROJECT-тің алғашқы кейіпкері Асанәлі Әшімов болды. Актердің жеке күнделігі аудиоспектакль түрінде жасалған. Күнделік жанры адамның ішкі дүниесін, тек өзіне ғана тиесілі жеке өмірін қамтитындықтан, ұйымдастырушылар қойылымды көпшілік қауым алдында

емес, адаммен жеке сырласу форматында ойластырған. Қойылымды бір уақытта тек бір көрермен тамашалай алды.

Осы жолы Kundelik PROJECT жобасы Мұқағали Мақатаевтың «Күнделік» атты әдеби жинағы мен ақын жайлы естеліктерден құралған «Мұздама, жылы жүрегім» атты моноспектакльді сахналады. Қойылымға көз сала отырып, сондағы заманның да, ондағы адамның да сан алуан бейнесін көреміз. Ақынның жабырқаған жанын, күйзелген жүрегінің сырын тыңдайсыз. Осынау моноспектакльді көрермен қауымға ұсынып қана қоймай, Мұқағалидың жан сырын

аша білген сценаристпен тілдескен едік.

«Мен өзім ақын ауылы Қарасазда дүниеге келдім. Ақын ағамыз жайлы жазу, оны халыққа ұсыну қиын. Осы уақытқа дейін Мұқағали жайлы қойылымның сценарийін жазуға бірнеше ұсыныс түсті. Алайда, оның тек біреуін ғана қабылдадым. Неге десеңіз, ақын жайлы бүгінгі қоғамда шындық аралас миф әңгімелер өте көп. Соның ішінен нақты өзінің образын алып шығу мен үшін қиын. Кейіннен Мақпал Жұмабай әпкеміз ұсыныс білдіріп, осы туындыны дүниеге әкелдік. Қазір қарап отырсам, қойылымды көрген сайын оқулықтарды көріп, жаңашалап түзететін болдым», – дейді автор Әлішер Рахат.

Шығармашылыққа толы туындыда ақынның күнделігінен алынған мына бір сөздер де оқылды. «Әдебиетімізді арамшөптерден тазартатын күн туар ма екен?! Қайдам?! Осы күнгі әдебиет – нағыз таланттардың әдебиеті емес, пысықтардың, жерлестер мен достардың, жағымпаздар мен қорқақтардың шатпағы. Әдебиеттің көкжиегіне өйтіп-бүйтіп бір алаяқ іліне қалса, ол өзі сияқты бір Санчо-сыншысымақты сүйрелей келеді. Ол «сыншысымақ» белгілі бір уақытқа дейін өз шәркейін сол салада сүйретіп жүріп жатады. Жағдайы барда айлап-жайпап қалуға тырысады» деген ақын сөздері жанды шымырлатып, өне бойынды рухтандырды.

«Бұл рөлді алу маған оңайға соқпады. Неге десеңіз, біз Мұқағалиды ойнап қана қоймай, не жазғанын, оқырмандарға не айтқысы келгенін жеткізуіміз қажет болды. Сондай-ақ, ненің жақсы, ненің жаман екендігін жастарға ұғындыруға бел байладық. Мұқағалидың өзі жазған күнделігіндегі: «Мен ХХІ ғасыр ұрпақтарының құрдасымын. Одан кейінгі ұрпақтың туысымын», – дегені айнамай нақ келді. Бүгінгі күні ақиық ақынның мұралары әлемнің әр түкпірін шарлады десек, артық айтпағанымыз болар», – дейді актер Болат Момыжанов.

Күнделік жазу – үлкен мәдениеттіліктің белгісі. Күнделіктің уақыт өткен сайын құны артып, адамдарды сол дәуірдің тарихи жағдайымен танысуға әрі ұлы адамдардың өнегелі өмір жолынан тәрбиелік дәріс алу орайына ие бола алады.

ӘЛЕУЖЕЛІ

Әлемге танымал әнші Димаш Құдайберген әлеуметтік желіге қайта оралып, өз жанкүйерлеріне маңызды хабарлама жасады.

Әсерлі
ҚОЙЫЛЫМ

Өнер иесінің паракшасы бұғатталып, ол бірнеше күн бойы байланысқа шыға алмаған. «Мені іздеп жазған толассыз хаттарыңыз бен қолдауларыңыз үшін мың алғыс! Сіздерді қатты сағындым, құрметті достар! 25 наурызда 2 жылдық пандемиядан кейін Дубай қаласындағы Coca Cola аренада жеке концертім өтетінін хабарлаймын. Билеттер сторис пен профиль сілтемесінде. Көріскенше, достар!», – деп жазды ол.

Сондай-ақ, Әлем чемпионы Анна Щербакова мәнерлеп сырғанаудан Еуропа чемпионатында

Димаш Құдайбергеннің орындауындағы «Аве Мария» композициясына өнер көрсетті. Бұл ән алғаш рет 2021 жылдың 25 тамызында жас орындаушылардың халықаралық «Новая волна» байқауының жабылу салтанатында орындалған болатын.

«Биылғы 16 қаңтарда әлем чемпионы Анна Щербакова осы композициямен көрерменнің жүрегін жаулап алды. Ресейлік мәнерлеп сырғанаушы таңғажайып шығарманы әсерлі қойылымға арқа етті», – делінген сайтта.

БАЙҚАУ

«Бақыт» бағын сынайды



Отандық кинотуынды 72-ші Берлин кинофестивалінің «Панорама» секциясына қабылданды.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдер туралы картинаның әлемдік тұсауы 15 ақпанда кесіледі. «Бақыт» фильмінің сценарийін жазған – Әсем Жәпішева, продюсері – Баян Мақсатқызы. Аталған туындыны түсіру үшін 2020 жылы ерікті түрде ақша жи-

нау шарасы басталған. Түсіру тобы шараға атсалысқан барша жандарға алғысын білдірді. «Осы хикая арқылы еліміздегі тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты заңды өзгерте алатынымызға сенемін», – дейді Баян Мақсатқызы.

Сондай-ақ, баспасөз конференциясында Берлин кинофестиваліне былтырға қарағанда 2 есе көп өтім түскені әрі байқауға қатыстын фильмдер 25%-ға аз фильм таңдалып алынғаны айтылды.

Ақтолық
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

НЕ?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?

Алматы эпидемиологиялық ахуал бойынша «қызыл» аймақта тұр. Талап бойынша мұндай жағдайда көпшіліктің адам қарасы көп жиналған жерге бармағаны жөн. Егер қаласаңыз, қыс кезінде де таза ауада серуендеп, салауатты өмір салтын ұстануға болады. Өйткені, қыста серуендеудің де өз артықшылықтары бар. Мәселен, қыста айналаң ұлпа қарға оранып, жер әлемге өзгеше сән береді. Ал таудағы қар қаладағыдай емес, жаңа жауғандай үлпілдеп жатады. Мұндай көрініске қараудың өзі ғажап!



Алып киіз үй

Сіз әлемдегі ең үлкен киіз үй Алматы маңындағы Ой-Қарағай шатқалында орналасқанын білесіз бе?

2015 жылы Гиннестің рекордтар кітабының өкілі Пател Правин «Ақ ауыл» киіз үйін өлшеп көріп, көшпелілердің мұндай киіз үйінің көлемі жағынан еш жерде тіркелмегенін растаған. Гиннестің рекордтар кітабына енген киіз үйдің диаметрі – 19 метр 80 сантиметр. «Ақ ауылдың» ішіне 200 адамға дейін сияды. Ұлттық дәстүрдің иіс аңқып тұрған, қазақтың қонақжайлылығын көрсететін демалыс орны барлық талаптарға сай жасалған. Оның жабдықтарын жергілікті шеберлер жасаған.

Мекенжайы: Талғар ауданы, Бесқайнар ауылы, «Ой-Қарағай» шатқалының төменгі бөлігі.

Жотадағы әдемі әткеншек

Демалыс күнін биік шыңдарда өткізгісі келетін әуесқой саяхатшылардың Фурманов шыңына шығуына болады.

Теңіз деңгейінен 3053 метр биіктікте жатқан аталмыш шың «Медеуден» 16 шақырым қашықтықта Кімасар шатқалында орналасқан. Бұл жерлер жаңадан келгендер мен бұрыннан саяхаттап жүрген жандарға жаяу серуендеуге арналған. Бір айта кетерлігі, әсіресе, қазіргі уақытта, яғни қыста маршрут күрделене түседі және мұндай сапарға жақсы физикалық дайындығы бар адамдарға ғана барған дұрыс екенін ескерген жөн. Шыңға дейінгі жолға шамамен 8 сағат уақыт кетеді. Бірақ бұл жер оны көруге тұрарлық. Биік шың сізді әдемі әсерге бөлейді. Ең қызығы, Фурманов шыңының етегіндегі жотада орнатылған әткеншектер бар. Саяхаттаушылардың көбін осы әткеншектер қызықтыратыны сөзсіз. Ал биік құздың жанында әткеншек тебудің өзі қандай әсерге бөлейтіні айтпаса да түсінікті...

Мекенжайы: Бағыт «Медеу» мұз айдынынан басталып, Кімасар шатқалының суайрық жотасы бойымен өтеді.



БЕЙЖІҢ–2022



Ұлттық Олимпиада комитеті 2022 жылы Бейжің ойындарына қатысатын қазақстандық спортшылардың формасын таныстырды. Мұнда ел атауы алғаш рет «Qazaqstan» деп жазылған.



ЖЕҢІЛ ӘРІ ЫҢҒАЙЛЫ



Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ

Олимпиада командасына арналған спорт формасын қазақстандық ZIBROO компаниясы шығарды. Салтанатты сапқа арналған коллекцияны ресейлік дизайнер, SHISHKIN брендінің негізін қалаушы Дмитрий Шишкин дайындаған. «Қазақстан құрамасының олимпиадалық экипировкасын дайындауға бір жылдан аса уақыт кетті. Киімді тігу процесіне атлеттердің өзі қатысты. Олар форманың дизайны, сапасына қатысты өз ұсыныстарын білдірді», – делінген Ұлттық Олимпиада комитеті таратқан ақпаратта.

Киімді тігу барысында Қытайдың қысқы климаты да ескерілген. Бейжіңде тем-

пература кей кезде 20 градустан төмен болады. Сондықтан сыртқы киімге қаздың табиғи жүні салынған, жылуды сақтап, суық өткізбейтін материалдар қолданылған. Киім өте жеңіл және қозғалуға ыңғайлы. «Олимпиада ойындарына қатысушылар форманы спорт аренасынан басқа жерде де кие алады», – дейді дизайнерлер.

«Бір аптадан соң Қазақстанның олимпиада құрамасы Қытайға ұшады. 4 ақпанда төртжылдықтың басты додасы – қысқы Олимпиада басталады. Токио қарсаңындағы секілді, бұл ойын басталардан бұрын да біз олимпиадалық экипировканы дайындау кезінде спортшылардың ұсыныс-тілегін ескердік. Біз үшін Олимпиада ойындарында спортшыларға осы форманың ыңғайлы, қолайлы болғаны маңызды», – дейді ҰОК бас хатшысы Андрей Крюков.

Сондай-ақ, киімнің түсінде Олимпиада өтетін су жолбарысы жылы да ескерілген. Шығыс күнтізбесі бойынша 2022 жылы аспан көк, қара және ақ түс басымдыққа ие.

Қысқы ойындарға арналған форманы таныстыруға жазғы спорт түрлері бойынша олимпиадада бақ сынаған Қамшыбек Қоңқабаев, Сәкен Бибосынов пен Софья Берульцева қатысты. Сондай-ақ, фотосессияға дзюдошылар Жансай Смағұлов пен Ақмарал Науатбек, бокстан ерлер командасының капитаны Абылайхан Жүсіпов, гимнаст Аружан Қасенова мен «Барыс» хоккейшісі Самат Данияр қатысқан. Қысқы Олимпиада ойындары 4 ақпан Бейжіңде басталып, 20 ақпанға дейін созылады. Қазақстан командасы спорттың 8 түрінен бақ сынаиды.

ЧЕЛЛЕНДЖ



Біз – біргеміз!

Қазақстанда Алматы қаласының тұрғындарын қолдау мақсатында челлендж басталды.

Ақмола облысының этномәдени бірлестіктері республика азаматтарын осы қиын кезеңде Алматы тұрғындарын қолдау үшін бүкілхалықтық челленджге қатысуға шақырды. Акцияның мақсаты – радикалды тонаушылар шабуылының құрбаны болған Алматы қаласы тұрғындарына қолдау көрсету. «Осы қиын уақытта барлығымыздың бірігіп, Алматы тұрғындарын қолдауымыз өте маңызды. Біздің мыңдаған шақырым бөліп тұрса да, біз қоғамға шын жүректен олармен бірге екендігімізді және әрқашан көмек беруге дайын екендігімізді көрсеткіміз келеді. Сол себепті, Ақмола облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының атынан Алматы қаласын қолдау туралы челленджін жариялаймыз», – деп мәлімдеді ұйымдастырушылар.

Челлендж аясында әрбір тілек білдіруші Алматы туралы әннің бейнежазбасын жазып, оны әлеуметтік желілерде #КүшімізБірлікте және #СилаВЕдинстве хэштегтерімен орналастыра алады.

Қазіргі уақытта акцияны Ақтөбе және Павлодар облыстарының Қазақстан халқы Ассамблеясы өкілдері, сондай-ақ, Алматы қаласының «Ассамблея жастары» қоғамдық бірлестігінің белсенділері қолдады.

Нұр ЖАМАЛ.

НЕ?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?



Айнадағы тау

Үлкен Алматы көлі Тянь-Шань тауларының арасында теңіз деңгейінен 2500 метрден астам биіктікте және қаладан 15 шақырым қашықтықта орналасқан.

Ғалымдардың пайымдауынша, Үлкен Алматы көлі – мыңдаған жылдар бұрын осы аймақта болған жер сілкінісінің орны. Көлемі жағынан көл өте үлкен емес, жағалау сызығының ұзындығы шамамен 3 шақырым, ал тереңдігі 40 метр. Қыста көлдің суы азайғанымен, тамыз айында су деңгейі 20 метрге дейін төмендеуі мүмкін. Айнадағы тау керемет шырдармен қоршалған. Су қоймасының жұмбақ ерекшеліктерінің бірі – оның үнемі өзгеріп тұратындығында. Кейде ол көкшіл, көк түстен зүбәржат түске дейін өзгеріп тұрады.

Мекенжайы: Іле Алатауы, Алматыдан оңтүстікке қарай 15 шақырым.

Алысты жақыннан көріңіз

Алматы мен Алматы облысының ең әдемі жерлеріне үйден шықпай-ақ қызықты саяхат жасауға болады.

Заманауи технологиялардың арқасында «Көкжайлау», «Көлсай» және «Қайыңды» жағалауларына серуендеп, Шарын шатқалы мен Тамғалы-тасты зерттеп, Күнбел немесе Үш ағайынды шыңдарына барып, виртуалды 3D-экскурсия жасауға болады. Виртуалды әлем арқылы Сіз Алматыны құс ұшатындай биіктіктен көруіңізге мүмкіндік бар. Ғаламторды пайдаланушы суретті жақындатып немесе алыстатып қана қоймай, барлық көркем көріністерді 360 градусқа бұрып қарай алады. Оларды төмендегі мына сілтеме арқылы көре аласыз. Сайтта барлығы 12 қызықты онлайн-тур ұсынылған.

Мекенжайы: <https://visitalmaty.kz/ru/3d>



Мегалистен өте алыс емес, әдемі Тұйықсу шатқалы бар. Бұл – Алматыдан небәрі 30 шақырым жерде орналасқан, бірегей ландшафты ғажап таулы аудан.



Ертегі қақпасы

Мұнда сіз «Қара» деп аталатын ерекше сарқыраманы көре аласыз. Оның атауы жартастарға байланысты қойылған. Жаяу серуендеуді бастауды жоспарлаған әуесқой саяхатшылар бұл өте жақсы демалыс болмақ. Ертегі қақпасына баратын бағыт қарапайым, жолы ұзақ емес. Шымбұлақтан небәрі үш жарым шақырым жерде ғана. Ал сарқырамаға сізді бір аяқ тас жол апарды. Кейде жартасты жағалай отырып баратын жолда айналадағы мүсіндерге емес, аяқтың астына қарап жүрген жөн. Көпшілігі бұл жерді сұлулығы жағынан Швейцариямен салыстырып жатады. Менің ойымша, біздің тауларымызда олардан мың есе артық. Ерекше атмосфера бар.

Мекенжайы: Кіші Алматы шатқалы, «Тұйықсу» альп-лагері арқылы.

Әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



БИЗНЕСТІҢ ҮНІН БИЛІК ЕСТИДІ

Мемлекет басшысы отандық ірі бизнес өкілдерімен кездесу өткізді



(Басы 1-бетте)

– Ұлттық табыстың әділ бөлінуі бойынша теңгерімсіздік пен проблеманың бар екені айдан анық. Халықаралық сарапшылар (KPMG, 2019 жыл) Қазақстан байлығының жартысы 162 адамның ғана қолында екенін растап отыр. Осы ретте халықтың жартысының айлық табысы 50 мың теңгеден аспайды. Бұл – жылына 1300 доллардан сәл ғана асады деген сөз. Мұндай ақшамен өмір сүру мүмкін емес. Бұлай жіктелу мен теңсіздіктің қауіпті екенін айтқан болатынмын. Жағдайды дереу өзгерту керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бизнес-қауымдастықты осыдан сабақ алып, Жаңа Қазақстанның негізі болуға тиісті жаңа экономикалық саясатты қалыптастыру үшін бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

Президенттің сөйлеген сөзінде мынадай маңызды қағидаттар айтылды:

- әділ бәсекелестік;
- қабылданатын шешімдердің ашықтығы;
- мемлекеттік саясаттың болжамдылығы;
- бизнестің салықтық тазалығы;
- кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі.

РЕФОРМА «ТАРТЫП АЛУДЫ ЖӘНЕ ҚАЙТА БӨЛҮДІ» КӨЗДЕМЕЙДІ

Мемлекет басшысы кәсіпкерлерді патриотизм мен әлеуметтік жауапкершіліктің үлгісін көрсетуге, капитал, тәжірибе, басқарушылар тобы мен нарықты дәл пайымдау сияқты ресурстарды экономиканы қайта құруға жұмсауға шақырды.

– Бүгінгі сөз болып отырған реформа «тартып алуды және қайта бөлуді» көздемейтін тағы да қайталап айтамын. Бұл ақылмақтық және жауапсыздық болар еді. Міндет – сіздерді, ұлттық буржуазияны еліміздің әлеуметтік-экономикалық моделін трансформациялау үдерісіне белсене атсалысуға тарту. Өндіріске инвестиция салу, сапалы жұмыс орындарын ашу және экспорттық әлеуетті арттыру бағытындағы игі істерге жауап ретінде мемлекет жеке меншікті қорғау бойынша кепілдікті арттыруға, тұрақтылық пен мемлекеттік реттеудің болжамдылығын қамтамасыз етуге, бәсекелестікті әкімшілік ресурстардың араласуынан, жемқорлық пен фаворитизмнен қорғауға дайын, – деді Президент.

ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒЫТТЫҢ БАСТЫ ҚАҒИДАТТАРЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің Жаңа экономикалық бағытының негізін қалай-

тын басты қағидаттарға жан-жақты тоқталды.

Оның пікірінше, **бірінші – жеке меншікке қол сұқпау**. Бұл мәселеде ашық әрі әділ сот кепіл болуы тиіс.

– Сот жүйесін жаңғырту – маңызды мәселе. Біз тиісті шараларды, соның ішінде заңнамалық тұрғыдағы шараларды қабылдадық. Соттарға құқықтың әртүрлі салаларынан, оның ішінде корпоративтік сектордан жаңа мамандар тартылуда. Осының негізінде Жоғарғы Соттың әкімшілік істер жөніндегі жаңа сот алқасы құрылды. Сот ісіне мықты корпоративтік заңгерлер мен адвокаттардың тартылуы, әсіресе, өңірлерде инвесторлар мен бизнесмендердің мүдделерін сапалы қорғауын мейлінше қамтамасыз етеді. Жоғарғы Сот кеңесін және Жоғарғы Соттан судьялар корпусын жаңарту жұмысын белсенді жүргізуді сұраймын, – деді Мемлекет басшысы.

Жаңа экономикалық бағыттың **екінші бөлігі – инвестициялық климат**. Президент мемлекеттің барлық инвестициялық міндеттемелерді мінсіз орындайтынын тағы да мәлімдеді. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы бизнесмендерді қаржысын өз елімізге салуға шақырды.

– Егер, Сіздер, болашақтаңызды Қазақстанмен байланыстыратын болсаңыздар, онда қаражаттарыңызды өз елімізге салыңыздар. Бұл – Сіздердің Қазақстан алдындағы әлеуметтік және саяси жауапкершіліктеріңіз. «Мұнда табыс табамыз, ал басқа жерде жұмсаймыз» деген қазидатқа жол берілмейді. Сондықтан жұмыс екі бағытта жүргізіледі: капиталды елге қайтарғаны үшін ынталандыру және қаражаттың офшорларға кетуіне жол бермейтін тосқауылдар қою, – деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент атаған **үшінші қағидат – шынайы бәсеке**.

– Мұнда, ең алдымен, қолдан жасалған монополияларға талдау жасау қажет. Операторлардың, әсіресе, жеке операторлардың қызметі мүлдем тоқтатылады. Естеріңізде болса, бұрын «өтеп алушы» деген термин болатын. Жеке компаниялар тиісті төлем арқылы мемлекеттің бірқатар экономикалық функцияларын орындауды сатып алатын. Бұл жақсылыққа апармады. Үкіметке мұндай қызметке заңды түрде тыйым салуды тапсырамын. Барлық орындар бәсекеге ашық болуы тиіс. Нарықтарда қолдан жасалған көптеген делдалдық тізбектерді жою қажет. Бұл қордаланып қалған мәселені ешкімнің шешуге құлқы жоқ. Экономиканы деолигополизация бойынша қатаң саясат қажет, – деді Мемлекет басшысы.

ЖАҢА САЛЫҚ САЯСАТЫ ҚАЖЕТ

Одан бөлек ірі кәсіпорындардың салық төлеу және есеп беру мәселелерін ретке келтіру қажеттігі туралы айтылды.

– Ірі компаниялардың салық төлеуі – күрделі мәселе. Қолымызда түрлі себептерді сылтауратып, салықты толық төлеуден жалтарып отырған алпауыттар жөнінде арнаулы органдар ұсынған мәліметтер бар. Премьер-Министрге осы мәселені түбегейлі шешуді және қазынаны тиесілі қаражатпен қамтамасыз етуді тапсырамын, – деді Президент.

Осы жағдай аса маңызды шешімдер қабылдауды талап етіп отыр.

– Бізге жаңа салық саясаты қажет. Ол астыртын қиғұрқы әрекеттерге жол бермейтін, бизнеске де, Үкіметке де ашық, түсінікті саясат болуы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев атаған **тағы бір маңызды мәселе – сатып алуларды реформалау**.

– Мемлекеттік сатып алулар – өте үлкен экономикалық ресурс. Оны дұрыс пайдалану керек. Бізде бұл үлкен проблема. Сатып алуларды бәсекесіз жолмен алып жүргендердің үлесі әлі де басым. «Самұрық-Қазына» қорының компанияларындағы сатып алуларды ерекше назарға алу керек. Сатып алулар саласындағы сыбайластық, жасырын өткізу және базаны жоғары қою мәселелерімен шұғыл түрде айналысу керек. Бір ай уақыт беремін. Егер шешімі табылмаса, өте қатаң шаралар қолданылады. Менің «Платон менің досым, бірақ ақиқат қымбат» деген қағиданы берік ұстанатыныма көздеріңіз жеткен болар, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жүктеген **алтыншы міндет – мемлекеттің экономикаға араласуын төмендету**.

– Квазимемлекеттік секторды реформалау бойынша түбегейлі шаралар қабылдау керек. Бүгінгі таңда бұл 6,5 мың ұйым деген сөз. Кәсіпкерлік қызметке мемлекеттің араласуына негіз болатын жағдайларды азайту мәселесін қайта қарау керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҚОҒАМНЫҢ НАРАЗЫЛЫҒЫН ТУДЫРЫП ОТЫРҒАН МӘСЕЛЕЛЕР БАР

Президент «Самұрық-Қазына» қорын реформалаудың перспективасына баса мән берді.

– Қазір Қор – өте үлкен құрылым. Жабдықтық, «саяси маңызы бар адамдарды» тағайындау, сатып алулардың тиімсіздігі, еңбек қатынастарындағы дау-дамай, ауқымды жобалардың аяқсыз қалуы және тиімсіздігі, компанияны ұстап тұру шы-

ғындары – бұлардың бәрі қоғамның наразылығын тудырып отырған мәселелер. Күні бүгінге дейін мұнайхимия саласын қалыптастыра алмадық. Кеңес дәуірінде салынған зауыттарды қайта жөндеумен келеміз. Директорлар Кеңесі рөлі мен тәуелсіз директорлардың қатысуы көп жағдайда ештеңе шешпейді. Қорды түбегейлі реформалау міндетін жүктеймін. Бұл мәселе бойынша Алмада Сәтқалиевпен сөйлестім. Егер ол жүктелген міндетті атқара алмаса, өзі де, Қор да бірге кетеді, – деді Мемлекет басшысы.

Жаңа экономикалық саясаттың **жетінші элементі – әкімшілік кедергілерді азайту**.

– Былтыр прокуратура органдары кәсіпкерлердің 2,5 мыңнан астам шағымын қарады. Бәрі де қылмыстық қудалау органдарындағы лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттерімен және шешімдерімен келіспеу туралы шағымдар. Оның 1 мыңнан астамы қанағаттандырылды. Кәсіпкерлер (негізінен) полиция қызметкерлеріне, Экономикалық тергеу қызметіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке, Ұлттық қауіпсіздік қызметкерлеріне шағымданған, – деді Мемлекет басшысы.

Бас прокуратураға осындай заң бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтап, кінәлі адамдардың іс-әрекеттеріне принципті түрде баға беру тапсырылды.

САЛАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ САЯСАТ: барлық конструктивті ұсыныстар ескеріледі

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, мемлекеттік органдар мен бизнес арасындағы диалог билік пен бизнес арасындағы консенсусты қамтамасыз етуге тиіс екеніне тоқталды.

– Біз «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» құрып жатырмыз. Біздің кездесуіміз бизнестің үнін билік естиді, салалық және құрылымдық саясатта барлық конструктивті ұсыныстар ескеріледі дегенді білдіреді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Үкімет жанынан Отандық кәсіпкерлер кеңесін құруды тапсырды. Сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық реформалардың әрбір бағыты бойынша бизнес өкілдерінің қатысуымен жобалық топтар құру қажеттігін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан халқына» қорын құру туралы бастамасын қолдап, қаржы аударған бизнес өкілдеріне алғыс айтты.

– Мұның бюджет қоры емес, Қазақстан халқының қоры екенін тағы да қайталап айтамын. Сондықтан оның жұмысы ұзақ бюрократиялық рәсімдерсіз атқарылуы тиіс және батыл шешімдер қабылдануы керек. Көмек нақты, шұғыл және атаулы болуға тиіс. Ірі компаниялардың бәрі жыл сайын табыс салығының Үкімет белгілеген бөлігін пайдалы әрі қайырымдылық істермен айналысатын Қорға аударып тұрады. Бизнес-қоғамдастық бұл бастаманы шынайы түрде қолдайды және жобаларды жүзеге асыруда Қорға көмектеседі деп үміттенемін, – деді Президент.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



РЕВАКЦИНА

Алматылықтар жаппай екпе алуда



Алматы қаласында бір тәулікте 4198 адам коронавирусқа қарсы вакцина салдырды. Бұл туралы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасының өкілдері мәлім етті.

«20 қаңтар күні 4198 алматылық вакцина салдырды. Вакцина салдырғандар саны бойынша Алматы қаласы алдыңғы орында. Өткен жылдың 1 ақпаны мен биылғы 20 қаңтар аралығында қалада 1 095 040 тұрғын вакцинаның бірінші компонентін, 1 042 772 адам екінші компонентін салдырған. Оның ішінде

123 885-і – жасы 60-тан асқан тұрғындар», – деп хабарлады басқарма өкілдері.

Бүгінгі таңда Pfizer (Comirnaty) компаниясының екпесін 35 909 адам салдырған. Оның ішінде 1953 жүкті әйел, 7652 бала емізетін ана және 26 304 жасөспірім бар. Ревакциналаудан 104 916 алматылық өткен.

«Бүгінгі таңда қалада медициналық ұйымдарда 119 вакциналау пункті жұмыс істейді. 140 вакциналау бригадасына 522 медицина қызметкері жұмылдырылған», – деп атап өтті Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының баспасөз қызметі.

Қазіргі күні Алматыда коронавирус жұқтырған 1350 науқас ем қабылдап жатыр. 20 қаңтар күнгі ақпарат бойынша, бір тәулікте қалада 2057 адам коронавирус жұқтырған. Барлық емделіп шыққандар – 141, келіп түскені – 253. «Инфекциялық стационарларда 1350 адам бар. Оның ішінде 187-сі бала. Төсек-орын саны 3310-ға дейін артты», – деп нақтылады қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасының баспасөз қызметі өкілдері. Сондай-ақ, реанимация және қарқынды терапия бөлімінде 71 адам жатыр. Ал 12 науқас жасанды тыныс алу аппаратына қосылған. Инвазивті емес жасанды тыныс алу аппаратында 25 адам ем қабылдауды жалғастыруда. High flow-да 8 аппарат жұмыс істейді.

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек мобильді бригадаларының және Телемедицина орталығының амбулаториялық бақылауында 10 185 пациент бар. Оның ішінде індет белгілері бар, орташа ауыр жағдайда – 9644 науқас. 541 адамда коронавирус белгілері жоқ.

COVID-19

Оқшаулану мерзімі қысқарады

Коронавирус жұқтырып, үйде емделіп жатқандарды оқшаулау мерзімі 2 аптадан 10 күнге дейін қысқарады. Мұндай өзгеріс қаңтардың 24-інен бастап енгізілуі мүмкін.

Қазір сарапшылар бас санитар дәрігердің тиісті қаулысының жобасын қарастырып жатыр. Ең алдымен, қысқарған карантин мерзімі вакцина салдырған немесе ревакциналаудан өткен жандарға қолданылады. Яғни олар науқастармен тікелей байланыста болса, он күндік оқшаулауға алынуы мүмкін. Оған қоса, ПТР-тесттің теріс нәтижесі де карантин мерзімін қысқартуға сеп болмақ. Бұл тестті карантиннің жетінші күнінде тапсыру мүмкіндігі беріледі.

– Егер аурудың ешбір белгісі білінбесе, бірақ ПТР-тест оң нәтиже көрсетсе, осы алгоритм қолданылады. Яғни олар он күндік карантинге отыруы тиіс. Бір аптадан кейін ПТР-сынаманы қайта тапсырып, нәтижесі теріс болса, онда сол күні олар карантиннен шығып, жұмысқа орала алады. Тапсырмаған жағдайда толық 10 күнге оқшаулануы қажет, – деді бұл



тұрғыда ҚР ДСМ Санитарлық-эпидемиологиялық комитетінің төрағасы Айжан Есмағамбетова.

2022 жылғы 21 қаңтардағы мәлімет бойынша, Қазақстанда коронавирус инфекциясына қарсы вакцинаның I компонентін 9 104 772 адам, II компонентін 8 667 645 адам салдырды.

КВИ РОБОТ



Робот дәрі береді

Қытайдың Далянь қаласында ковидті зерттеу орталықтарының бірінде адам тәрізді роботтар қызмет көрсетеді.

Олар анализ алады, дәрі-дәрмек береді және басқа да көптеген функцияны орындайды. Мәселен, адам тәрізді робот-қыз ковид орталығына тестілеуге келушілерді күлімсіреп қарсы алады, оларға кеңес береді және анализ қабылдау пунктіне апаратын жолды көрсетеді.

COVID-19 індетінің таралуы осындай сервистік роботтарды медицина саласына мүмкіндігінше тезірек енгізуге себеп болды.

Қытайда коронавирусты анықтау үшін тамақтан жағынды алып, бейнебайланыс арқылы адамдардың жағдайын бақылайтын және пациенттерге дәрі-дәрмек жеткізуге көмектесетін роботтар көбірек жасалып, енгізіліп жатыр.

Роботтарға көп міндет жүктелген. Осылайша Қытай медицина мамандарын инфекция жұқтыру қаупінен қорғап отыр.

БӘРЕКЕЛДІ!

Үлкен көмек

«ASTANA MOTORS» ЖШС компаниясы Алматыдағы Жедел медициналық жәрдем қызметіне жаңа 6 реанимобиль сыйға тартты.

«Алматыда қаңтар айының басындағы қайғылы оқиғалар кезінде 32 жедел жәрдем көлігі мен медициналық ұйымның 1 көлігі зақымдалды. Сондықтан бүгін беріліп отырған реанимобильдер коронавирус инфекциясының өсуі мен жедел жәрдем қызметіне жүгінулер көбейіп жатқан қазіргі уақытта өте үлкен көмек болды», – деді Алматы қаласы Жедел жәрдем қызметінің директоры Ербол Сәрсенбаев.



Hyundai H350 Ambulance жедел жәрдем көлігінде тәжірибесі бар дәрігерлер автомобильдің сенімділігін, қауіпсіздігін, функционалдығы мен қызмет көрсетудің қарапайымдылығын атап өтті. Жедел жәрдем көлігінің артықшылығы – жайлылық пен жұмсақтығы, бұл дәрігерлерге ауруханаға барар жолда жансақтау іс-шараларын толық жүргізуге мүмкіндік береді. Жаңа реанимобильдер алғашқы медициналық көмек көрсету үшін өкпені жасанды желдету аппараттары, құрылғыларымен және оттегімен ингаляциялауға арналған жүйе жиынтығымен, дефибрилятор-мониторлармен, электрокардиографтармен, артериялық қысымды, пульсоксиметрияны,



температураны өлшеу функциялары бар реанимациялық-анестезиологиялық мониторлармен және басқа да заманауи жабдықтармен жабдықталған.

ДАУА



ота барысында бауырдың зақымданған бөлігін алып қана қоймай, өттің жұмысын реттеу қажет. №7 аурухананың гепатопанкреатобилиарды хирургия бөлімі дәрігерлері күрделі ота жасап, нәтижесінде салмағы 3,5 келіге жеткен алып альвеококкоз құртын алып тастады. Бауырдың едәуір бөлігінің зақымдануы мен пациенттің В гепатитімен ауыратыны жағдайды

10 сағатқа созылған ота

Алматыда паразит салдарынан бауырының 75%-ы зақымданған әйелге ота жасалды.

50 жастағы пациент №7 қалалық клиникалық ауруханаға жоспарлы түрде келіп түскен. Күрделі ота МӘМС пакеті шеңберінде жасалған. Клиниканың баспасөз қызметі таратқан хабарламаға сүйенсек, пациент осыдан біраз бұрын оң жақ бүйірі ауырып, ішінің формасы бұзылып, бұлтиғанын байқаған. Айтуынша, осы уақытқа дейін аурудың басқа белгілері білінбеген. Ультраздыбыстық зерттеуден кейін әйелдің оң жақ қабырғасының астында үлкен ісік пайда болып, бауырдың алға қарай жылжып кеткені анықталған. Бұл дертті емдеудің бірден-бір тәсілі – бауырдың бір бөлігін кесіп алып тастау. Оны қан тамыры хирургиясын жақсы білетін тәжірибелі гепатохирургтар ғана жасай алады. Себебі,

киндата түскен. Хирург-мамандар лапаротомия, оң жақ гемигепатэктомия жасап, бауырдың зақымданған 75% бөлігін алып тастауға мәжбүр болды. 10 сағатқа созылған отаны профессор Муса Сахипов, көмекшісі Аңсат Таубалдиев, Нүркен Желдібаев, анестезиолог Марат Лекеровтен құралған кәсіби мамандар тобы жасап шыққан.

Осы орайда айта кетсек, мамандар дерегі бойынша альвеококкоз жұққан күннен бастап 10 жылға дейін ешбір клиникалық белгі бермеуі мүмкін. Себебі, бауырға жабысқан құрт өте баяу өседі. Альвеококкоз – жалпақ құрт (Echinococcus multilocularis) жұмыртқасының адам ағзасына түсуінен пайда болатын паразитарлық ауру. Құрт ағзаға жуылмаған жеміс-жидек, лас су мен балық, үй жануарлары арқылы түсуі мүмкін.

Бетті әзірлеген: Нұржамал ӘЛШЕВА.



САУАЛ – СІЗДЕН, ЖАУАП – БІЗДЕН

ХҚО КЕҢЕС БЕРЕДІ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласы филиалы баспасөз қызметінің басшысы Жаңыл ӘПЕТОВА жиі кездесетін сұрақтарға жауап берді.

Динара
МҰРАТ

1. Көшенің атауы немесе үйдің реттік нөмірі өзгергені туралы анықтаманы қалай аламыз?

Көшенің атауы немесе үйдің реттік нөмірі өзгерген жағдайда жылжымайтын мүлік мекенжайын айқындау туралы анықтама қажет болуы мүмкін.



Анықтаманы egov.kz арқылы алу өте оңай. Ол үшін порталға кіріп, дайын формаға сұратылған ақпаратты енгізесіз. Ары қарай ЭЦҚ немесе бір реттік құпия сөздің көмегімен сұрауыңызды растайсыз. Сұранымыңызды өңдеуге бірнеше минут кетеді. Қызмет тегін және оның нәтижесі электрондық анықтама түрінде жеке кабинетіңізге келіп түседі.

Онлайн-қызмет жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын нақтылау бойынша ғана қолжетімді.

Ал мекенжайды жою немесе жаңа мекенжай беру қызметін ХҚО арқылы мемлекеттік органдардан алу қажет.

2. ЭЦҚ-ны ұялы телефонға жүктеуге бола ма?

Қазір қалтанызда пәтер мен көліктің кілтін ғана емес, ЭЦҚ кілтін де алып жүруге болады. Ол үшін оны смартфонға жүктеп алсаңыз жеткілікті.

Егер сіздің телефоныңыз Android платформасында болса, ЭЦҚ-ны ұялы телефонға USB кабелін пайдалана отырып, қарапайым файл ретінде жүктеуге болады. Смартфонды USB-кабель арқылы компьютерге қосыңыз да, «Менің компьютерім» бөліміне кіріп, ЭЦҚ-ны (AUTH, RSA...p12 файлдары) смартфонның жад картасына көшіріп алыңыз.

Егер сіздің телефоныңыз iOS операциялық жүйесінде болса, сертификатты жүктеу үшін келесі әрекеттерді орындау керек:

1. iTunes бағдарламасын компьютерге орнатыңыз;

2. Смартфонды компьютерге USB кабелі арқылы қосыңыз;

3. iTunes-ке өтіп, құрылғы батырмасын басып, «Ортақ файлдарға» өтіңіз;

4. «Қосу» батырмасын басыңыз, көшіргіңіз келетін ЭЦҚ файлдарын таңдаңыз және тағы да «Қосу» батырмасын басыңыз.

Міне, енді сіздің ЭЦҚ-ңыз әрдайым өзіңізбен бірге болады. Бұл сіздің уақытыңызды үнемдеп, қауіпсіздігіңізді арттырады.



Ескертеміз, egov mobile-дан жүктелген ЭЦҚ тек қосымшада ғана жарамды. Егер сіз оны компьютерден жүктеген болсаңыз, оны барлық жерде қолдана аласыз.

3. Студенттер академиялық демалысты ХҚО арқылы да рәсімдей алады.

Қазақстанда жоғары оқу орындарының, кәсіптік училище мен колледждердің студенттері дәлелді себептермен 6 айдан 3 жылға дейін академиялық демалыс ала алады. Әдетте академ-демалыс ұзақ уақыт емделу қажет болғанда, бала күтіміне байланысты немесе әскерге шақырылғанда сұралады. Бұл қызметті студент өзі оқитын оқу орнында ғана емес, ХҚО арқылы да рәсімдеуге болатынын көп адамдар біле бермейді. ХҚО-ға жүгінгенде өзімен бірге жеке куәлік, өтініш және студенттің демалыс алу себебін растайтын медициналық комиссияның қорытындысы, әскерге шақыру қағазы

немесе баланың туу туралы куәлігі секілді құжаттар керек. Қызмет тегін және 2 жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

4. Қайтыс болу туралы анықтаманы қалай алуға болады?

Жақын адамынан айырылу – әр адамның өміріндегі қайғылы оқиға. Қайтыс болған адамды жерлеу, жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау, оның зейнетақы жинақтарын алу және мұраны рәсімдеу кезінде ұсыну үшін тиісті анықтама қажет болады. Жақындарынан айырылған қазақстандықтар оны онлайн-режимде ала алады.

Ол үшін eGov.kz порталының «Отбасы» бөлімінде «Отбасы жағдайы» бөлімшесіне өтеді. «Қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу туралы хабарлама» қызметін таңдап, ЭЦҚ-мен қол қою қажет. Қайтыс болуды тіркеу туралы хабарлама 5–10 минут ішінде жеке кабинетке түседі.

5. Әскери билетті жоғалтып алған жағдайда қалай қалпына келтірген жөн?

Оны екі тәсілмен – eGov порталы арқылы немесе ХҚО-ға жүгіну арқылы қалпына келтіруге болады. Әскери билетті eGov арқылы қалпына келтіру үшін порталда авторизациядан өтіп, «Запастағы офицерлерге, сержанттарға, сарбаздарға әскери билеттер (әскери билеттердің орнына уақытша куәліктер) немесе олардың төлнұсқаларын беру» қызметін таңдау қажет. Бұдан кейін «Қызметтерге онлайн тапсырыс беру» батырмасын басып, ЭЦҚ немесе смс-пароль арқылы қол қою қажет болатын арнайы өтінімді толтырасыз. Қызмет тегін. Мерзімі – 5–7 жұмыс күні.

Егер әскери билетті ХҚО арқылы қалпына келтіргіңіз келсе, онда тиісті құжаттарды жинау қажет болады. Қызмет көрсету мерзімі – 10 жұмыс күні. ХҚО-ға жүгінген кезде өзіңізбен бірге 3x4 фотосуретіңіз болуы керек.

Сондай-ақ, фотосурет өтініш берушінің жасына сәйкес келуі және қатаң түрде ашық фонда толық көлемде түсірілуі тиіс. Адамның бет-жүзі жалпы фотоалаңның 70%-ын алуы қажет.

ҮНДЕУ

Наурызбай ауданы Ардагерлер кеңесі, Желтоқсаншылар ұйымы мен Ауған соғысы ардагерлерінің кеңесі елімізде орын алған террористік-лаңкестік жағдайға байланысты Қазақстан халқына арнап Үндеу жолдады.

«ТҮЗЕЛІС БАСЫ – ТӨЗІМДЕ...»

Ардагерлер қауымы намысы бір халықтың қандай қиындық болса да, өкпе мен араздықты ұмытып, бір кісідей жұмылып, қиындыққа қарсы шығатынын айтады.

– Міне, осындай қазақтың жақсы қасиеттерінің өңі өзгеріп, халық асыл мұрасынан айырыла бастағандай күйді басынан кешкен кезде біз, ардагерлер қауымы халыққа басу айтып, сабырға шақырғалы отырмыз. Қандай жағдай болса да, адамдығымызды жоғалтпай, шындықтың бетіне тура қарауымыз керек қой. Қоғам болған соң әртүрлі пікір, түрлі пейілдегі жандар болады. Алдау мен арбау, дұшпандықты өршітетін кесел мінез меңдегені де жасырын емес. Бұлай кете берудің еш мүмкін емес екенін баршамыз байқаған сияқтымыз. Қазір

бұған ел Президенттің қостаған қоғам мен билік тарапынан қатаң талаптар қою басталды. Күні кеше қиын жағдаймен бетпе-бет келіп, Тәуелсіздік алғалы болып көрмеген қауіптен өтіп, жеңіске жеттік, – дейді аудан ардагерлері. Көптеген саясаткерлердің «Шындық өмір енді басталды» деуі де шындық. Ойткені, елдегі аса байып кеткен топтардың халыққа арналған қорға жүйелі, тұрақты

түрде қаражат аударуының міндеттелуі осының алғашқы дәлелі болса керек.

«Түзеліс басы – төзімде, сабырдың сарайы алтынға толы» деген аудан ардагерлері дәл қазір ұлтқа жаны ашитын, халықтың әл-ауқатына бағытталған саяси реформалар тізбегінің басталғанын тілге тиек етеді.

Сонымен қатар, олар бүкіл Қазақстан халқын шектен шыққан, ел тыныштықтығын бұзған лаңкестерге қарсы ұйымшылдықпен күресуге, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевты бірауыздан қолдауға шақырады. «Бұл – біздің негізгі азаматтық ұстанымымыз, асыл парызымыз», – делінген Үндеуде.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БРИФИНГ

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ
КӨМЕК КӨПАйжан
БҮРКІТБАЕВА

Өңірлік коммуникациялар қызметінің онлайн брифингінде қала әкімінің орынбасары Ілияс ӨСЕРОВ Үкімет бекіткен ШОБ субъектілеріне келтірілген залалды өтеу тетігінен басқа, Алматы әкімдігі кәсіпкерлерге қосымша көмек шараларын көрсететінін мәлімдеді.



Ол Алматыда залалды бағалау жөніндегі комиссия жұмысын жалғастырып жатқанын атап өтті. Алдын ала деректер бойынша, залалдың жалпы сомасы 101,1 млрд. теңгеден асады, оның ішінде 49 әкімшілік ғимарат пен нысан 15,3 млрд. теңгеге зардап шеккен. ТЖД, полиция және басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдардың материалдық-техникалық базасын қалпына келтіру үшін 8,6 млрд. теңге қажет. Сондай-ақ, құқық қорғау органдарының 260 көлік құралы және 139 жеке және заңды тұлғалардың объектілері 2,3 млрд. теңге сомасында бүлінген немесе өртенген.

– Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев әкімдік тарапынан кәсіпкерлікті қаржылай және қаржылай емес қолдау шараларының кешенін атап өтті. 72,5 млрд. теңге сомға 1600-ге жуық бизнес субъектісі зардап шекті. Олардың 96%-ын 47,8 млрд. теңгеге жуық шығын сомасымен шағын және орта бизнес субъектілері құрайды, – деді І.Өсеров.

Спикер әкімдіктің ШОБ-ке бірнеше бағыт бойынша қаржылық және қаржылық емес қолдау көрсететінін атап өтті. Бизнес субъектілері жылу, газ, сумен жабдықтау және кәріз бойынша 3 айға коммуналдық шығындардан босатылатын болады. Ал қала меншігіндегі үй-жайларды жалға алатын кәсіпкерлер 6 ай мерзімге жалға беруден босатылады.

Жеке бизнестен үй-жайларды жалға алатын бизнес субъектілеріне келетін болсақ, зардап шеккен бизнеске жеңілдік жағдайларын қамтамасыз ету үшін олармен келіссөздер жүргізілуде. Көптеген үй иелері бұл идеяны қолдады. Бүгінгі таңда «Silk way», «Пассаж», ОӘД, «Мәскеу» сауда орталықтарымен келісім бар.

Almaty Business–2025 калалық бағдарламасына қосымша кейбір өзгерістер енгізілетін болады.

Біріншісі: мемлекет тәртіпсіздік кезінде зардап шеккен бизнеске келтірілген залалды өтейтіндіктен, бұған қосымша Almaty Business–2025 бағдарламасы аясында кәсіпкерлерге Алматы ӘКК-нің кепілдігімен не ішінара кепілдігімен жылдық 2%-бен 12 ай мерзімге айналым қаражатын толықтыруға 10 млн. теңгеге дейін жеңілдікті қарыз алу мүмкіндігі беріледі. Әкімнің орынбасары бұл қосымша шара екенін атап өтті. Залалды мемлекет өтейді, бірақ егер кәсіпкердің айналым қаражатын толықтыруға қажеттілігі болса, онда мұндай мүмкіндік жергілікті бюджет қаражаты есебінен берілетін болады.

Екіншісі: зардап шеккен кәсіпкерлерге «Алматы финан» ЖШС мен Алматы микроқаржы ұйымдарының өтініштері бойынша негізгі қарызын өтеу, айыппұлдар мен өсімпұлдардан 180 күнге дейін босату мерзімі ұзартылатын болады. Басқаша айтқанда, кейінге қалдыруды қажет ететін ШОБ субъектілері осы ұйымдарға жүгінуі керек.

Үшіншісі: қаланың барлық кәсіпкерлерін қолдау үшін несиелендірудің ең ұзақ мерзімі жарты жылға – яғни жұмыс істеп тұрған 7 жылдан 7,5 жылға дейін ұлғайтылды, сондай-ақ кепілсіз кредиттеу бойынша мөлшерлемелер жылдық 12%-дан 9%-ға дейін төмендетілді.



Үкіметтік комиссия залалды өтеу тетігін бекітті. Өтеу жөніндегі өтінімдерді қарау үшін өңірлік комиссия құрылды. Жұмыс «Атамекен» ҰКП-мен, кәсіби қауымдас-тықтармен (тәуелсіз бағалаушылар палатасы, ШОБ қорғау жөніндегі кәсіподақ және т.б.) тығыз өзара іс-қимылда жүргізілетін болады.



«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге, 11 айға – 6605,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1 369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214,60 теңге, 11 айға – 17825,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814,60 теңге, 11 айға – 4845,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС

«Қазақстан халқына» қоры: мәжбүрлеуге жол жоқ



Серік ЖҰМАБАЕВ

«Қазақстан халқына» қорының Қамқоршылық кеңесінің алғашқы ұйымдастыру отырысы өтті. Отырыста қайырымдылық қоры қызметінің тұжырымдамалық мәселелері талқыланды.

Қамқоршылық кеңес мүшелері қордың халықпен өзара іс-қимыл тетіктеріне, Қазақстандықтардың қорға қалай жүгінетініне, өтінімдер қалдыруына басты назар аударды. Қор, сондай-ақ, қайырымдылық ұйымдарымен, мемлекеттік органдармен және қайырымдылық көмек көрсетуге тартылған басқа да ұйымдармен ынтымақтастық форматын айқындауға тиіс. Өзара іс-қимылдың негізгі құралы қордың электрондық порталы болғаны дұрыс. Оңтайлы шешім қабылдау үшін «Қазақстан халқына» қоры қызметінің тұжырымдамасын әзірлейтін жұмыс тобы құрылды.

Сонымен қатар, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері қызметкерлерді, ең алдымен мемлекеттік қызметкерлерді, бюджеттік сала қызметкерлерін бір күндік жалақыны аударуға мәжбүрлеу жағдайлары туралы өз пікірлерін білдірді. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы тәжірибемен үзілді-кесілді келіспейтіндерін айтты. «Біз барлық қазақстандықтарға үндеу жасаймыз және «Қазақстан халқына» қоры тек жеке және заңды тұлғалардың ерікті қайырымалдықтарынан қалыптастырылатынына тағы да назарларыңызды аударамыз. Сонымен қатар, біз қорға өз үлесін қосқан қазақстандықтар мен ұйымдарға алғыс айтамыз және өз тарапымыздан көмектің мұқтаж адамдарға жететініне кепілдік береміз», – деп атап өтті Қамқоршылық кеңесінің мүшелері.

2022 жылғы 16–19 қаңтар аралығында (қоса алғанда) Қоғамдық қорға 16 167 қазақстандықтан 29,3 млн. теңге түсті. 75 заңды тұлға мен ірі кәсіпкерлерден 19,2 млрд. теңге түсті.

Азаматтар құқығын қорғайтын прокурорлар тізімі жарияланды

Бас прокуратура азаматтардан полиция мен әскерилер әрекетіне қатысты шағымдарды қабылдайтын нөмірлерді жариялады.

Оларға құқық қорғау органдары тарапынан құқық бұзу мәселелері бойынша хабарласуға болады.

Кезекші прокурорлардың тізімі:

- Нұр-Сұлтан қаласы – Жұмағұлов Азамат Болатұлы – 8 701 059 77 00, 8 (7172) 71-24-98
- Алматы қаласы – Құрманов Азамат Сейітқанұлы – 8 708 000 80 00, 8 (7272) 65-03-95
- Шымкент қаласы – Базарбаев Нариман Саидинғаниұлы – 8 777 402 32 98, 8 (7252) 53-91-84
- Алматы облысы – Абдрахманов Мәулен Ақбайұлы – 8 701 757 36 27, 8 (7282) 24-18-92
- Шығыс Қазақстан облысы – Исабаев Дархан Ғалымұлы – 8 702 704 49 99, 8 (7232) 24-54-82
- Жамбыл облысы – Сатыбалдиев Дархан Мұратұлы – 8 771 889 00 99, 8 (7262) 45-43-79
- Қызылорда облысы – Абдуманов Азат Бауыржанұлы – 8 747 577 99 00, 8 (7142) 27-77-47
- Түркістан облысы – Тыныбеков Нұрғали Айдарбекұлы – 8 707 700 32 86, 8 (7253) 34-10-11
- Ақмола облысы – Бекенов Самат Амангелдіұлы – 8 708 749 13 43, 8 (7162) 25-02-99
- Қарағанды облысы – Кұлбаев Салауат Ертарғынұлы – 8 775 123 37 43, 8 (7212) 35-35-33
- Қостанай облысы – Мұқанов Ернар Асылбекұлы – 8 775 351 85 85, 8 (7142) 54-55-15
- Павлодар облысы – Омарғалиев Әнуар Болатұлы – 8 705 601 71 63, 8 (7182) 31-50-68
- Ақтөбе облысы – Сүйінғарин Мақсат Жангелдіұлы – 8 775 618 55 23, 8 (3132) 90-12-14
- Маңғыстау облысы – Аманкүл Сержан Құтымұратұлы – 8 701 888 38 87, 8 (7292) 42-34-10
- Атырау облысы – Мұхтаров Ерлан Ғабдықалықұлы – 8 701 471 00 00, 8 (7122) 27-07-88
- Батыс Қазақстан облысы – Орынғалиев Серік Наурызғалиұлы – 8 777 184 81 84, 8 (7112) 50-79-74
- Солтүстік Қазақстан облысы – Есімов Әлім Сәлімұлы – 8 701 227 91 45, 8 (7152) 46-21-43
- Бас әскери прокуратурасы (әскери қызметкерлердің заңсыз іс әрекеттеріне) – Серіков Дулат Мирболатұлы – 8 776 193 90 22, 8 (7172) 71-28-46.

Дайындаған Серік АНАРБАЙҰЛЫ.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА! ●

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы 2022 жылғы қаңтарда Алматы қаласында орын алған қаңтар оқиғаларына байланысты монумент (Пантеон) жобасын әзірлеуге ашық байқау жариялайды. Конкурса қатысуға өтінімдер 2022 жылдың 22 қаңтарынан бастап 2022 жылдың 10 ақпаны аралығында қабылданады.

Қосымша ақпаратты Алматы қаласы, Абай даңғылы 90, Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасынан (3-қабат) немесе 8 (727) 240-80-00 телефоны арқылы білуге болады.

Алматы қаласында 2022 жылғы қаңтарда өткен оқиғалардың ең үздік монумент (Пантеон) жобасын әзірлеуге арналған ашық байқау туралы ЕРЕЖЕ төмендегі сайттарда жарияланған:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-uaig/documents/details/255471?lang=kk> ;
<https://almaty.uaig.kz/wp-content/uploads/2022/01/polozhenie-konkursa-panteon-2022-kaz.pdf>



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 259-06-00 (ішкі 0318, 0319) телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Динара МҰРАТ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.



ИНДЕТПЕН КҮРЕС



CORONA VIRUS 2020 KZ

ВАКЦИНАЦИЯНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ:

- ИНФЕКЦИЯЛЫҚ АУРУДЫҢ АСҚЫНУЫНЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ
- ЕГІЛГЕНДЕРДІ ҒАНА ЕМЕС, АЙНАЛАСЫНДАҒЫЛАРДЫ ДА (АҒА-ІНІЛЕР, АПА-СІҢЛІЛЕР, ТУЫСТАР) ҚОРҒАЙДЫ
- «ҰЖЫМДЫҚ ИММУНИТЕТ» ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ
- ИММУНИЗАЦИЯДАН КЕЙІНГІ «ВАКЦИНАЦИЯ ПАСПОРТЫ» САПАРЫҢЫЗДЫ ЖЕҢІЛДЕТЕДІ.

ВАКЦИНАЦИЯ ЖҮРГІЗЕР АЛДЫНДА КВИ-ГЕ АНТИДЕНЕНІҢ БАР-ЖОҚТЫҒЫНА ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗІЛМЕЙДІ.

КВИ-МЕН АУЫРЫП ЖАЗЫЛҒАН АДАМДАР 6 АЙДАН СОҢ ДЕНСАУЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП ВАКЦИНА АЛҒАНЫ ЖӨН.

КВИ-МЕН АУЫРЫП ЖАЗЫЛҒАН АДАМДАРДЫ 3 АЙДАН СОҢ ВАКЦИНАЦИЯЛАУҒА РҰҚСАТ ЕТІЛЕДІ.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Білім өмірді ұзартады

Адам ғұмырын ұзартуға септігін тигізетін әдеттер қатарына салауатты өмір салтын ұстану, жат әдеттерге үйір болмау, қимыл-қозғалыс, т.б. тәсілдер жатқызылатыны мәлім.

Алайда, кейінгі зерттеулер олардың айтарлықтай әсері болмайтынын алға тартуда. Ғалымдар бұл тарапта тұқым қуалайтын ауытқулар мен аурулардың басты рөл ойнайтынын, шала ұйқының, қоршаған ортаның теріс әсерін, соның ішінде ауаның ластануы, стрестің, т.б. факторларды жатқызып жүр. Десе де, ғалымдар адам ғұмырының ұзақтығын зерттеу барысында оның ғұмырын аттай 10 жылға ұзартаатын маңызды факторды атады. Ол – білім. Бұл жайында islam.kz порталы cursorinfo.co.il ақпарат көзі-



не сілтеме жасай отырып мәлімдеді. Лондон экономика мектебінің ғалымдары интеллектуалды тұрғыдан дамыған адамның білім-танымы төмен адамға қарағанда он жыл ұзақ өмір сүретінін алға тартып отыр. Вена университетінің ғалымдары бұл гипотезамен

келісіп отыр. Білім тек ұзақ өмір сүруге септігін тигізіп қоймай, сонымен қатар, қарттарға тән алжу секілді аурулардың алдын алады. Міне, осындай себеппен білім алуды денсаулықпен бір қатарда қарауды маңыздылығын алға тартып отыр.

Зинаның «мерейтойы»

Алматы хайуанаттар бағындағы қолтырауын 50-ге толды.

Бұл хабар Хайуанаттар бағының Instagram парақшасында жазылды. «Биыл зообағымыздағы Зина есімді қайман қолтырауыны 50 жасқа толды. Ол 1972 жылдың 1 қаңтарында туған. Зина бізге 2002 жылдың 18 шілдесінде Германияның Иккермюнд хайуанаттар бағынан әкелінді», – дейді зообақ мамандары. Хайуанаттар бағының әлеуметтік желідегі арнайы парақшасында Зинаның мінез-құлқы жайлы да жазылған. «Зина мінезді. Тыныштықты жақсы көреді, аяқастынан ашуланып кетуі де мүмкін. Қасына өзгелерді жақындақта бермейді. Дегенмен, біздің герпетолог мамандарымыз онымен тіл табысып, жақсы қарым-қатынас орнатқан. Денсаулығын қарап, бақылауда ұстап отыр», – делінген.

Жалпы, қаймандардың өмір сүру ұзақ-



тығы – орта есеппен 30–40 жыл. Ал жабайы табиғатта 24 жыл өмір сүрген қайман бар. Алматыдағы хайуанаттар бағының тұрғынына айналған қайман қолтырауыны Зина рекордтық 50 жасқа толып, қуантып отыр.

Халал өнімді анықтап береді

«QMDB Halal» өнімдердің App Store платформасына арналған «Halal Guide» мобильді қосымшасы іске қосылды.

Халық сұранысы бойынша дайындалған «Halal Guide» қосымшасының негізгі қызметі – «QMDB Halal» өнімдерді іздеу функциясын қолжетімді ету. «Halal Guide» қосымшасында көрсетілген барлық деректер www.halaldamu.kz сайтында көрсетілген ресми ақпараттар негізінде жасалған және әрдайым жаңартылып отырады. Кәсіби мамандардың ұзақ мерзімді ізденісі нәтижесінде дайындалған қосымшасының басты артықшылықтары:

Біріншіден, кез келген өнім не кәсіпорының «Халал Дамудан» сертификаттаудан өткен-өтпегендігін жылдам тексере аласыз;

Екіншіден, өнім қаптамасында көрсетілген «Е тағамдық қоспалардың» рұқ-



сат етілген, рұқсат етілмеген, күмәнді түрлерін лезде анықтай аласыз;

Үшіншіден, халал тамақтану орны, ет дүкені секілді кез келген сертификатталған кәсіпорын мекенжайы «2Gis» картасы арқылы көрсетіледі.

Құмырсқа тісінің құпиясы

Құмырсқа мен кейбір жәндіктердің тісі өткір әрі аса мықты келеді.

Бұл жайында Science Daily мерзімді басылымы ақпарат таратты. Бұл бағытта арнайы зерттеу жүргізген ғалымдар ионды микроскоптың көмегімен құмырсқа тісінің біртүрлі құрылымы мен мырыш қосындысынан тұратынын анықтаған. Мырыш атомдары тіпті көп, кейбір амин қышқылдарына тұтас бір шоғыры бекіген – мырыш құмырсқа тісінің жалпы салмағының шамамен оннан бірін құраған. Аталған зерттеу мәтінінде айтылғандай, техникалық тұрғыдан «төменгі жақ тістері» деп аталатын арнайы құрылымдар түзілген – олар мырыштың жеке атомдарын тығыз байланыстыратын материалдан тұрады. Ғалымдардың уәжі бойынша осынау табиғи биоматериалдың мықты әрі өткір болуына байланысты құмырсқа шақса не тістесе күш-қуатының 60% ғана жұмсауға мүмкіндік береді. Ғалымдар мы-



рыш пен марганец сияқты кейбір элементтердің тістерді қатайтатынын айта келе жәндіктердің денесінде мұндай элементтерді қалай «қатайтатынын» әлі күнге құпия күйінде қалып отырғанын алға тартты.

Дайындаған Әсел ДАҒЖАН.